

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ
АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО СТАТИСТИКЕ**

Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңына сәйкес бұл материал көбейтуге (көшіруге) жатпайды, статақпараттарды өзінің жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне сілтеме жасауға міндетті.

В соответствии с Законом РК «Об авторском праве и смежных правах» данный материал не подлежит размножению (копированию), при использовании статинформации в своих публикациях (изданиях) обязательна ссылка на Агентство Республики Казахстан по статистике.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ
РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

2008 жылғы қаңтар
январь 2008 года

АСТАНА, 2008

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ**

**Ай сайынғы ақпараттық-талдамалы
журнал**

1991 жылдан бастап шығады

Құрылтайшы: Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі

Бас редактор - А.Мешімбаева

«Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуында» 2008 жылдың қаңтардағы ел экономикасының дамуы туралы жедел статистикалық деректер бар.

«Қазақстан Республикасы және оның өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының статистикалық көрсеткіштері» қосымшасында тиісті бөлімдер бойынша кестелік материал келтірілген.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы (жедел деректер)» ай сайынғы журналын электрондық түрде де ұсыну мүмкіндігі бар.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000
Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер Үйі,
35 көше, 2 үй
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Телефон: 8 (7172) 74-95-09
Факс: 8 (7172) 74-95-46
Электрондық мекен-жай: stat@mail.online.kz
Веб-сайт: http://www.stat.kz

Шартты белгілер:

- – құбылыс жоқ
- 0,0 – болмашы шама
- ... – деректер жоқ (берілмеген)

Таралымы: 250 дана
Көлемі = 13,99 ЕБТ

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 14 тамызында тіркелген № 3156-Ж

**СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Ежемесячный информационно-аналитический
журнал**

Издается с 1991 года

Учредитель: Агентство Республики Казахстан по статистике

Главный редактор - А.Мешимбаева

«Социально-экономическое развитие Республики Казахстан» содержит оперативные статистические данные о развитии экономики страны в январе 2008г.

В приложении «Статистические показатели социально-экономического развития Республики Казахстан и ее регионов» приведен табличный материал по соответствующим разделам.

Агентство Республики Казахстан по статистике имеет возможность предоставлять ежемесячный журнал «Социально-экономическое развитие Республики Казахстан (оперативные данные)» также в электронном виде.

Адрес: Республика Казахстан, 010000
г. Астана, Левый берег, Дом Министерств,
35 улица, д. 2
Агентство Республики Казахстан по статистике
Телефон: 8 (7172) 74-95-09
Факс: 8 (7172) 74-95-46
Электронный адрес: stat@mail.online.kz
Веб-сайт: http://www.stat.kz

Условные обозначения:

- – явление отсутствует
- 0,0 – незначительная величина
- ... – данные отсутствуют (не представлены)

Тираж: 250 экз.
Объем = 13,99 УПЛ

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан 14 августа 2002 г. № 3156-Ж

Мазмұны

1. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы қаңтардағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары	5
2. Тауарлар мен қызметтер өндірісі	7
2.1 Жалпы ішкі өнім	7
2.2 Еңбек өнімділігі	8
2.3 Өнеркәсіп өндірісі	9
2.4 Ауыл шаруашылығы	14
2.5 Құрылыс	16
2.6 Көлік	18
2.7 Байланыс	19
2.8 Сауда және өзге де қызметтер	21
3. Шағын кәсіпкерлік субъектілері мониторингі	24
4. Сыртқы сауда	27
4.1 Сыртқы сауда айналымы	27
4.2 ТМД мемлекеттерімен сыртқы сауда	28
4.3 Әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда	28
4.4 Төлем балансы	28
5. Тауар нарығы	30
6. Инвестициялар	33
7. Бағалар	35
7.1 Тұтыну бағалары	35
7.2 Экономиканың нақты секторындағы баға	36
8. Қаржы жүйесі	40
8.1 Мемлекеттік қаржы	40
8.2 Ақша-кредит жүйесі	41
9. Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу	44
9.1 Жалданып жұмыспен қамтылу	44
9.2 Жұмыссыздық және жұмыспен қамту	45
9.3 Еңбекақы төлеу	46
10. Халық табысы	47
11. Демографиялық процестер және әлеуметтік сала	48
11.1 Демографиялық ахуал	48
11.2 Халықтың ауру-сырқаулығы	49
11.3 Қылмыстылық	49
12. Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы: салыстырмалы талдау	51
13. Конъюнктуралық зерттеулер	54
13.1 Өнеркәсіп кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеу	54
13.2 Сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеу	54
13.3 Тұтынушыларды зерттеу	55
14. ТМД елдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы	57

Содержание

1. Краткие итоги социально-экономического развития Республики Казахстан в январе 2008 года	62
2. Производство товаров и услуг	64
2.1 Валовой внутренний продукт	64
2.2 Производительность труда	65
2.3 Промышленное производство	66
2.4 Сельское хозяйство	71
2.5 Строительство	73
2.6 Транспорт	75
2.7 Связь	76
2.8 Торговля и прочие услуги	78
3. Мониторинг субъектов малого предпринимательства	81
4. Внешняя торговля	84
4.1 Внешнеторговый оборот	84
4.2 Внешняя торговля с государствами СНГ	85
4.3 Внешняя торговля с другими странами мира	85
4.4 Платежный баланс	85
5. Товарные рынки	87
6. Инвестиции	90
7. Цены	92
7.1 Потребительские цены	92
7.2 Цены в реальном секторе экономики	93
8. Финансовая система	97
8.1 Государственные финансы	97
8.2 Денежно-кредитная система	98
9. Рынок труда и оплата труда	101
9.1 Занятость по найму	101
9.2 Безработица и обеспечение занятости	101
9.3 Оплата труда	102
10. Доходы населения	104
11. Демографические процессы и социальная сфера	105
11.1 Демографическая ситуация	105
11.2 Заболеваемость населения	106
11.3 Преступность	106
12. Социально-экономическое положение регионов Республики Казахстан: сравнительный анализ	108
13. Конъюнктурные обследования	111
13.1 Обследование деловой активности промышленных предприятий	111
13.2 Обследование деловой активности предприятий торговли	111
13.3 Обследование потребителей	112
14. Социально-экономическое положение стран СНГ	114

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2008 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Макроэкономикалық үрдістер. 2007 жылдың қаңтар-желтоқсанында жалпы ішкі өнімнің көлемі жедел деректер бойынша ағымдағы бағаларда 12726,0 млрд. теңгені құрады. ЖІӨ-нің нақты өсуі 2006 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 108,5% құрады. ЖІӨ-нің құрылымында тауарлар өндіру үлесі ЖІӨ-ден 44,4%, қызмет көрсету 53,9% болды.

Тұтыну бағаларының индексі 2008 жылғы қаңтарда 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 101,1% құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 1,6%-ға, азық-түлік емес тауарлар – 0,8%, ақылы қызметтер – 0,6% өсті. Өнеркәсіп өнімін өндіруші-кәсіпорындар бағасы 2008 жылғы қаңтарда 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 0,1% төмендеді.

2008 жылғы қаңтарда жұмыссыздар саны сараптамалық бағалау бойынша 603,8 мың адамды, экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы жұмыссыздық деңгейі 7,4%, соның ішінде жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту органдарында тіркелген адамдар саны ағымдағы жылғы қаңтардың соңында 60,5 мың адамды құрады, экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы олардың үлесі – 0,7%.

Экономиканың нақты секторы. 2008 жылдың қаңтарында өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағамен 747,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы қаңтардағыдан 2,6% көп. 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемі – 6,0%, электр энергиясын, газ бен су өндіруде және белуде – 11,5% өсті, өңдеу өнеркәсібінде 2,9% азайды.

2008 жылғы қаңтарда ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі ағымдағы бағамен 34,4 млрд. теңгені құрап, 2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда 3,6% өсті.

2008 жылдың қаңтарда жүк тасымалдаудың жалпы көлемі (коммерциялық тасымалдаумен шұғылданатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасымалдаған жүк көлемінің бағасын есепке алғанда) 149,6 млн. тоннаны құрап, 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 3,3% өсті.

Есепті кезеңде бөлшек сауда тауар айналымының көлемі (қоғамдық тамақтандыру айналымынсыз) 163,3 млрд. теңгені құрап, 2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда 4,4% артты.

2008 жылдың қаңтарында негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың көлемі 173,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылдың қаңтарындағыдан 10,7% жоғары.

2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша республикада 269660 заңды тұлға тіркелген, соның ішінде қызметкерлерінің саны 50 адамға дейінгілер – 254635. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар – 180894. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың ішінде шағын кәсіпорындар – 166902 құрайды, олардан шағын бизнес субъектілері – 120640.

Сыртқы сауда. 2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда Қазақстанның сыртқы сауда айналымы (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің ақпараты, ұйымдаспаған сауданы есепке алмағанда) 80511,7 млн. АҚШ долларын құрап, 2006 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 30% өсті, соның ішінде экспорт – 47755,3 млн. АҚШ доллары (24,8% өсті), импорт – 32756,4 млн. АҚШ доллары (38,3% өсті).

Қаржы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетіне түскен табыстар көлемі 2008 жылдың 1 қаңтарына 2887,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы 1 қаңтардағыдан 23,5% көп, ал шығын – 2678,2 млрд. теңге (24,5% көп) құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша екінші деңгейдегі банктердің экономика салаларына салған кредиттік салымдары 2007 жылғы желтоқсанның соңына 7258,4 млрд. теңгені құрады. Кредиттік салымдардың жалпы көлемінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 79,9%, шетел валютасындағы кредиттердің үлесі 42,7% құрады. 2007 жылғы желтоқсанның соңына банк жүйесіндегі депозиттер көлемі 3873,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 25,9% көп, халық депозиттері 1432,6 млрд. теңге болды, бұл 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 40,5% көп.

Халықтың табысы. 2007 жылғы желтоқсанда, бағалау бойынша, халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 30738 теңгені құрап, 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда – 23,8%, нақты ақшалай табысы – 4,2% өсті.

2007 жылғы желтоқсанда қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы 66951 теңгені құрап, 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 25,0% өсті. Нақты жалақы 5,2% көбейді.

НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАР

	Өлшем бірлігі	2007 жылғы қаңтар-желтоқсан	2008 жылғы қаңтар	Өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен		2008 жылғы қаңтар 2007 жылғы желтоқсанға %-бен
				2007 жылғы қаңтар-желтоқсан	2008 жылғы қаңтар	
A	Б	1	2	3	4	5
Экономикалық көрсеткіштер						
Қысқа мерзімді экономикалық индикатор*	%-бен					103,8
Жалпы ішкі өнім	млрд. теңге	12726,0		108,5		
Өнеркәсіп өнімінің (тауарлардың, қызметтердің) көлемі	млрд. теңге	7703,8	747,4	104,5	102,6	90,8
Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі	млрд. теңге	1069,6	34,4	108,4	103,6	54,4
Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау	млн. тонна	2123,0	149,6	104,9	103,3	78,3
Байланыс қызметтерінің көлемі (өсу қарқыны салыстырмалы бағаларда), жедел деректер бойынша	млрд. теңге	356,8	32,7	133,0	121,4	94,2
Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы	млрд. теңге	1868,4	163,3	110,0	104,4	82,1
Сыртқы сауда айналымы ¹⁾²⁾	млн. АҚШ доллары	80511,7	8162,4	130,0	140,3	107,0
соның ішінде:						
экспорт		47755,3	5176,2	124,8	150,9	110,5
импорт		32756,4	2986,2	138,3	125,1	101,4
Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар	млрд. теңге	3234,2	173,8	108,2	110,7	36,0
Тұтыну бағаларының индексі					118,7	101,1
Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағаларының индексі					131,7	99,9
Жұмыссыздар саны (бағалау)	мың адам		603,8		96,5	102,5
Орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай табыс (бағалау) ¹⁾	теңге	310153	30738	129,8	123,8 ³⁾	115,1
Нақты ақшалай табыс (бағалау) ¹⁾	%-бен			117,1	104,2 ³⁾	112,9
Бір қызметкердің орташа айлық жалақысы ¹⁾ :						
атаулы	теңге	53238	66951	130,6	125,0	124,1
нақты	%-бен			117,8	105,2	121,8
Қаржы көрсеткіштері⁴⁾						
М3 ақша жиыны	млрд. теңге		4613,7		125,5	102,1
Айналымдағы қолма-қол ақша	млрд. теңге		739,7		123,1	107,8
Банк жүйесіндегі депозиттер	млрд. теңге		3873,9		125,9	101,0
соның ішінде халық депозиттері	млрд.теңге		1432,6		140,5	101,6
Екінші деңгейдегі банктердің экономика салалары мен халықты кредиттеуі	млрд. теңге		7258,4		154,7	100,4
соның ішінде ұзақ мерзімді кредиттік салымдар	млрд.теңге		5800,8		168,9	100,5

¹⁾ 2-баған - 2007ж. желтоқсан; 4-баған - 2007ж. желтоқсан 2006ж. желтоқсанға - %-бен; 5-баған - 2007ж. желтоқсан 2007ж. қарашаға %-бен.

²⁾ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Көдендік бақылау комитетінің деректері, ұйымдаспаған сауданы есепке алмаған.

³⁾ 2006 жылғы желтоқсандағы нақтыланған деректерге %-бен.

⁴⁾ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша, 2007 жылғы желтоқсанның соңына.

* Алты сала (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік, байланыс) өсуінің нақты қарқыны бойынша есептеледі.

Ескерту: Өнеркәсіп өнімдерінің көлемі тиісті жылдардағы кәсіпорындар құрылымы бойынша келтірілген. Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы қоғамдық тамақтандыру қызметтерін есепке алмайды.


2. ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ӨНДІРІСІ

2.1 ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда өткен жылғы сәйкес кезеңге қарағанда Жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) нақты көлемінің индексі 108,5%, дефлятор – 114,9% құрады құрады.

2001 – 2007 жж. қаңтар-желтоқсандағы Жалпы ішкі өнімнің нақты көлемінің индексі

өткен жылғы сәйкес кезеңге, пайызбен



2006-2007 жж. қаңтар-желтоқсандағы Жалпы ішкі өнім


өткен жылғы сәйкес кезеңге, пайызбен

	Қаңтар-қыркүйек				
	2007, млн. теңге	нақты көлем индексі		дефлятор	
		2006	2007	2006	2007
<i>Тауарлар өндірісі</i>	5 653 749,8	112,3	107,6	122,1	114,7
Ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы, балық аулау, балық өсірушілік	728 100,2	106,0	108,4	109,5	119,7
Өнеркісіп	3 581 351,1	107,3	104,5	124,4	113,5
Құрылыс	1 344 298,5	136,4	116,4	123,4	115,3
<i>Қызметтер өндірісі</i>	6 853 918,1	110,9	111,9	120,4	116,1
Сауда; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдалану заттарын жөндеу	1 505 508,4	109,8	110,0	118,1	117,5
Көлік	1 109 638,9	107,0	107,7	119,8	108,3
Байланыс	311 450,1	130,4	133,0	112,6	103,0
Қаржы қызметі	796 654,3	142,1	141,8	136,2	118,1
Жалжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызметтер көрсету	1 952 161,7	108,7	107,7	122,0	119,6
Мемлекеттік басқару	253 048,2	104,6	103,6	115,6	128,0
Білім беру	394 111,6	104,5	104,6	116,8	117,1
Денсаулық сақтау	204 218,7	103,6	104,4	118,0	123,2
Өзге де қызметтер	327 126,2	107,5	107,5	115,7	114,1
Қаржы делдалдығының жанама-өлшемді қызметтері	-621 178,2	153,1	164,0	120,6	123,8
Жалпы қосылған құн	11 886 489,7	110,6	108,2	121,2	115,1
Өнімдерге салынған таза салықтар	839 492,7	112,5	112,5	126,5	112,1
Жалпы ішкі өнім	12 725 982,4	110,7	108,5	121,5	114,9

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда ЖІӨ-нің құрылымындағы тауарлар өндірісінің үлесі – 44,4%, өнеркәсіп – 28,1% құрады, оның ішінде кен өндіру өнеркәсібі – 15,1%, өңдеу өнеркәсібі – 11,3%, электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу – 1,7%.

2006-2007 жж. Жалпы ішкі өнімнің салалық құрылымы

пайызбен



ЖІӨ-нің құрылымындағы қызмет көрсетулер өндірісінің үлесі 53,9% құрады. Жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызметтер көрсету – 15,3%, қаржы қызметі – 6,3%, білім беру – 3,1%, мемлекеттік басқару – 2%, және коммуналдық, әлеуметтік және дербес қызметтерді көрсету – 1,7%, денсаулық сақтау – 1,6%, қонақ үйлер мен мейрамханалар – 0,8% құрады.

2.2 ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ

Жалпы экономика бойынша 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте өткен жылғы тиісті кезеңге еңбек өнімділігінің индексі 108,1% құрады.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте еңбек өнімділігі

пайызбен


	2007 жылғы қаңтар-қыркүйек				
	өткен жылғы тиісті кезеңге			үлес салмағы	
	еңбек өнімділігінің индексі	жалпы қосылған құнның нақты көлем индексі	жұмыспен қамтылғандар санының өсу (төмендеу) қарқыны	жалпы қосылған құнның	жұмыспен қамтылғандардың
Жалпы экономика бойынша*	108,1	111,2	102,9	100,0	100,0
Ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы; балық аулау, балық өсіру	106,5	108,1	101,5	5,3	31,5
Ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы	106,5	108,1	101,5	5,2	31,3
Балық аулау, балық өсіру	102,6	105,0	102,3	0,1	0,2
Өнеркәсіп	102,4	104,8	102,3	29,5	12,0
Кен өндіру өнеркәсібі	98,6	103,2	104,7	15,2	2,6
Өңдеу өнеркәсібі	105,0	107,1	102,0	12,6	7,3
Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу	104,7	105,3	100,6	1,7	2,1
Құрылыс	112,9	130,4	115,5	10,5	6,8
Сауда; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу	108,3	110,0	101,6	12,4	14,1

	2007 жылғы қаңтар-қыркүйек				
	өткен жылғы тиісті кезеңге			үлес салмағы	
	еңбек өнімділігінің индексі	жалпы қосылған құнның нақты көлем индексі	жұмыспен қамтылғандар санының өсу (төмендеу) қарқыны	жалпы қосылған құнның	жұмыспен қамтылғандардың
Қонақ үйлер мен мейрамханалар	107,8	109,2	101,3	0,9	1,3
Көлік және байланыс	110,8	113,8	102,7	11,5	7,3
Қаржы қызметі	125,5	147,1	117,2	6,1	1,1
Жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру тұтынушыларға қызмет көрсету	99,2	107,9	108,8	14,7	4,6
Мелекеттік басқару	101,5	103,2	101,7	2,3	4,5
Білім беру	101,8	103,9	102,1	3,2	9,5
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсетулер	101,3	103,5	102,2	1,8	4,4
Коммуналдық, әлеуметтік және дербес қызмет көрсетулер	106,9	103,2	96,5	1,8	2,9

* Қаржы делдалдығының жанама өлшемді қызметтерсіз.

2006-2007 жылдардағы қаңтар-қыркүйекте еңбек өнімділігі

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен




2.3 ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ

2008 жылғы қаңтарда 2007 жылғы қаңтардағы деңгейге өнеркәсіп өндірісінің нақты көлем индексі 102,6% (тиісінше, 2005ж. – 107%, 2006ж. – 100,8%, 2007ж. – 109%) құрады. Есепті айда қолданыстағы бағамен 747,4 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілді. Өндіріс көлемінің өсуі, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Астана, Алматы қалаларынан басқа, республиканың барлық өңірлерінде байқалды.


Өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен



Тұтастай өнеркәсіп бойынша нәтижелердің қалыптасуына кен өндіру өнеркәсібі аса үлкен ықпал етеді. Мұның өзінде, оның үлесі республикалық өндіру көлемінде соңғы жылдары артып, 2008 жылғы қаңтарда 64% (2006-2007 жылдары ол 58-57%) құрады. Өңдеу өнеркәсібіне өнеркәсіп өнімінің барлық көлемінің 28%-ы (37-38% болған) келеді.


2007-2008 жылдардағы қаңтарда өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері және өнеркәсіптің салалық құрылымы



Кен өндіру өнеркәсібінде 2008 жылғы қаңтарда 477,6 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл 2007 жылғы қаңтардағы деңгейден 6%-ға жоғары. Мұнай өндіру негізі Атырау және Маңғыстау облыстарының кәсіпорындарында артты. Сондай-ақ, табиғи газ, газ конденсаты, көмір өндірісі өсті. Сонымен қатар, кен құрамындағы металдың аз болу салдарынан және мыс кенін өндірудің төмендеуінен (Шығыс Қазақстан және Қарағанды облысы) мыс қойыртпасындағы мыс; жасасқан келісім-шарттарға сәйкес (Қостанай облысы) теміркенді шекемтастар шығаруы қысқарды.

Кен өндіру өнеркәсібінің нақты көлем индекстері


өткен жылғы тиісті айға %-бен



Өңдеу өнеркәсібінде 2008 жылғы қаңтарда 212 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Нақты көлем индексі 2008 жылғы қаңтарда 2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда негізінен тамақ өнімдерін, сусындарды қоса; химия өнеркәсібі; өзге де металл емес минералды өнімдерін; мұнай өнімдерін; қара және түсті металдарын өндіруі төмендеуіне байланысты 97,1% құрады.

Өңдеу өнеркәсібінің нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен



2008 жылғы қаңтарда 45,1 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімі өндірілді, оның ішінде **тамақ өнімдерін өндіру, сусындарды қоса**, 40,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы қаңтардан 1,2%-ға кем болды. Дайындалған және консервіленген балық; рафинатталмаған күнбағыс майы; сары май; ірімшік және сүзбені; ұң; кондитерлік өнімдерді шығаруы төмендеді. Сондай-ақ, сұранысқа сәйкес негізінен Алматы қаласының кәсіпорындарымен сусындар (алкоголь және алкогольсіз) өндірісі қысқарды. Ет, шұжық өнімдері, жарма, қант, макарон өнімдерді шығаруы өсті.


2008 жылғы қаңтарда **тоқыма және тігін өнеркәсібінде** 1,9 млрд. теңгеге өнім өндірілді. 2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда нақты көлемнің индексі 61,2% құрады. Қайта өңдеуге шикізаттың жетіспеушілігіне байланысты мақта талшығының (Оңтүстік Қазақстан облысы); өнімге сұранысқа сәйкес кілем және кілем бұйымдарын (Алматы қаласы); тапсырыстың жоқтығынан свитерлер, жемпірлер, пуловерлер және осыған ұқсас заттардың (Қостанай облысы) шығаруы төмендеді. Сонымен қатар, жұмыс киімі; қалпақтар және бас киімдер шығаруы артты.

2008 жылғы қаңтарда 242 млн. теңгенің **былғары және былғарыдан жасалған бұйымдары мен аяқ киімдері** өндірілді, бұл 2007 жылғы қаңтардағы деңгейден 2,6 есе жоғары. Аяқ киімдер және ірі қара малдың терісінен жасалған былғары өндіруі өсті. Тапсырыстың жоқтығына байланысты Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарының кәсіпорындарымен қойдың, ешкінің және шошқаның терісінен жасалған былғары шығару тоқтатылды.

Сүрек өңдеу және ағаштан жасалған бұйымдар шығару көлемі 2008 жылғы қаңтарда 405 млн. теңгені немесе 2007 жылғы қаңтардағы деңгейге 96,8% құрады. Ағаштан жасалған сіндірілген теміржол немесе трамвай шпалдарын (Шығыс Қазақстан облысы); терезелер, есіктер және олардың рамаларын (Алматы қаласы) шығаруы қысқарды. Ағаш материалдары; ағаш жәшіктері өндірісі өсті.

Целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде және баспа ісінде 2008 жылғы қаңтарда 4,9 млрд. теңгеге өнім өндірілді, бұл 2007 жылғы қаңтардағы деңгейге 103,4% құрады. Тұсқағаз; баспа және электрондық түрдегі кітаптар, кітапшалар; аптасына төрт реттен кем шығатын газеттер және журналдар шығаруы артты. Сонымен қатар, өнімге сұраныстың азаюына байланысты Алматы қаласының кәсіпорындарында кеңірдектелген қағаз және қатырма қағаз; қораптар, жәшіктер және сөмкелер; заттаңбалар және құлақша қағаздар шығаруы төмендеді.

2008 жылғы қаңтардағы өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



2008 жылғы қаңтарда **кокс, мұнай өнімдерін және ядролық материалдарды өндіруде** 18,5 млрд. теңгеге өнім шығарылды, бұл 2007 жылғы тиісті айдан 0,7%-ға төмен болды. Жылжымалы құрамның жоқтығынан (Атырау облысы) керосин; қайта өңдеуге арналған алыс-беріс шикізатының жетіспеушілігіне (Павлодар облысы) мотор отынның (бензин); шикізаттың жетіспеушілігіне және алыс-беріс шикізатын жеткізушілердегі өнімдерді өткізу рыногының шектелуіне байланысты (Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облысы) газойльдер шығаруы төмендеді. Сонымен бірге, отындық мазут; сұйылтылған пропан және бутан өндіру артты.

Химия өнеркәсібінде 2008 жылғы қаңтарда 5,4 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл 2007 жылғы қаңтардағыдан 12,7%-ға төмен. Сұранысқа сәйкес хром илегіш (Ақтөбе облысы); мыс өндірісінің төмендеуі салдарынан күкірт қышқылының (Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары); күкірт қышқылының жетіспеушілігінен минералды немесе химиялық фосфорлы тыңайтқыштар; сұраныстың жоқтығына байланысты ортофосфор (фосфор) қышқылын және натрий трифосфатын (Жамбыл облысы) өндірісі қысқарды. Минералды немесе химиялық азотты тыңайтқыштар; хром тотығын шығаруы артты.

2008 жылғы қаңтарда **резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде** 3,6 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл 2007 жылғы қаңтардағы деңгейге 100,4% құрады. Резеңкеден және пластмассадан жасалған құбырлар, түтіктер, жең және шлангілер; пластмассадан жасалған қораптар, жәшіктер, тор ыдыстар шығаруы өсті. Сұраныстың төмендеуіне байланысты (Астана, Алматы қалалары) пластмассадан жасалған есіктер және терезелер; жасасқан келісім-шарттарға сәйкес (Қарағанды облысы) конвейерлік резеңке ленталар өндіруі төмендеді.

Өзге де металл емес минералды өнімдер өндірісінде 2008 жылғы қаңтарда 8,8 млрд. теңгенің өнімі шығарылды, бұл 2007 жылғы қаңтардағы деңгейден 10,4%-ға аз. Тапсырыстың жоқтығына байланысты цемент; әк; цементтен, бетоннан немесе жасанды тастан жасалған тақтайшалар, тақталар және кірпіштер (Шығыс Қазақстан облысы); бетоннан жасалған құрама құрылыс конструкциялары; тауарлық бетон (Астана, Алматы қалалары) және құрылыс қоспаларының шығаруы қысқарды. Мұның өзінде,

фарфордан жасалған асхана және ас-үй ыдыстары; шыныдан жасалған бөтелкелер, қалбырлар мен флакондар шығаруы артты.

Металлургия өнеркәсібінде 2008 жылғы қаңтарда 2007 жылғы қаңтардағы деңгейге нақты көлем индексі 96,7% құрады. Сала үлесіне өңдеу өнеркәсібі көлемінің 43,9%-ы келеді. Өткен айда 41,4 млрд. теңгенің қара металлургия, 47,9 млрд. теңгенің түсті металлургия өнімі өндірілді. **Қара металлургияда** жасалған шарттарға сәйкес жалпақ илек, болат және шойын шығаруының азаюына байланысты өндіріс 2,7%-ға төмендеді. **Түсті металдар өндірісінде** нақты көлем индексі 96,3% құрады. Шикізаттың жетіспеушілігіне байланысты тазартылған мыс; қайта өңделетін шикізат құрамындағы металдың аз болуына байланысты тазартылған алтын мен күміс (Қарағанды облысы) өндіру қысқарды. Осы себептен қорғасын және мырыш өндіру (Шығыс Қазақстан облысы) төмендеді. Сонымен қатар, өзге де өңделмеген алтын, алюминий тотығы және мыс сымдарының шығаруы артты.

Дайын металл бұйымдарын өндіру 2008 жылғы қаңтарда 2007 жылғы қаңтардағы деңгейге 90,9% құрады. Өнімге тапсырыстың жоқтығына байланысты металл конструкциялары және оның бөлшектерінің; мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарлар шығару қысқарды. Орталықтан жылыту жүйесіне арналған қазандықтар мен радиаторлар; қара металдан жасалған раковиналар мен жуғыштар шығаруы өсті.

2008 жылғы қаңтардағы өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы




Машиналар мен жабдықтар шығаруда 2008 жылғы қаңтарда 6,6 млрд. теңгенің өнімі шығарылды, бұл 2007 жылғы тиісті айдан 20,4%-ға жоғары. Мойынтіректер; тракторлар; жинау машиналарының; мұнай кәсібіне арналған жабдықтар шығаруы артты. Мұнымен қатар, өнімге сұранысқа сәйкес тұрмыстық кір жуғыш және киім құрғатқыш машиналар; кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар және мұнай-газды қайта өңдейтін жабдықтар (Алматы қаласы) шығаруы қысқарған.

2008 жылғы қаңтарда **электр жабдықтарын, электрондық және оптикалық жабдықтар** 4,8 млрд. теңгеге өндірілген. 2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда нақты көлем индексі 96,2% құрады. Сұранысқа сәйкес қорғасын-қышқылды электр аккумуляторлары (Алматы облысы); кернеуі 1000 В-тан асатын электр желілерін ажыратуға, ауыстырып қосуға немесе қорғауға арналған аппаратуралар (Оңтүстік Қазақстан облысы); сұйықтық және электр энергиясын есептеуші (Алматы қаласы) өндірісі төмендеді. Сауда жасайтын ұйымдардан тапсырыстың жоқтығына байланысты магнитофондар шығаруы тоқтатылды (Алматы қаласы). Цифрлық есептеу машиналары; теледидарлар; оқшауландырылған сымдар мен кабельдер; электр трансформаторлар мен конденсаторлар шығаруы артты.

2008 жылғы қаңтарда **көлік құралдары мен жабдықтарын өндіру** 7,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы тиісті аймен салыстырғанда 3,8%-ға жоғары. Он және одан көп адамдарды тасымалдайтын, жүк тасымалдайтын, арнайы және мамандандырылған автомобильдер шығаруы өсті. Сонымен бірге, сұраныстың жоқтығынан жолаушыларға арналған жеңіл автомобильдер (Шығыс Қазақстан облысы), қозғалтқыштар бөлшектері (Солтүстік Қазақстан облысы) 2007 жылғы қаңтарға қарағанда аз шығарылған.

Өнеркәсіптің өзге де салаларында 2008 жылғы қаңтарда 3,5 млрд. теңгенің өнімі өндірілген, бұл 2007 жылғы қаңтардан 19%-ға төмен болды. Өнімге деген сұранысқа сәйкес қаңқасы ағаштан жасалған отыруға арналған жиһаз; ағаштан жасалған кеңсе және ас үйге арналған жиһаз; зергерлік бұйымдар шығаруы төмендеді. Мұның өзінде, қаңқасы металдан жасалған отыруға арналған жиһаз; металдан жасалған кеңсе жиһаз; ағаш төсектер және спорт тауарларының өндірісі өсті.

2008 жылғы қаңтардағы электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлудің нақты көлем индекстері және үлес салмағы




Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлуде 2008 жылғы қаңтарда 2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда нақты көлем индексі 111,5% құрады.

Электр энергиясын өндіру 2008 жылғы қаңтарда 8,2 млрд. кВт. сағ. құрады немесе 2007 жылғы қаңтардағы деңгейден 9%-ға жоғары, мұны Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары және Алматы қаласынан басқа барлық өңірлердің кәсіпорындары қамтамасыз етті.

Жылу энергиясын өндіру 13,7 млн. Гкал құрады немесе 2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда 19,4%-ға көп. Атырау және Жамбыл облыстарынан басқа барлық өңірлердің кәсіпорындарында өндіріс артты.

Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлудің нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен



2.4 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру


Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 2008 жылғы қаңтарда тұтастай республика бойынша, бағалау бойынша, ағымдағы бағаларда 34,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңдегіден 3,6%-ға көп.

Мал шаруашылығы

Ағымдағы жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша өткен жылғы тиісті күнмен салыстырғанда шаруашылықтардың барлық санаттарында мал тәлдеу және оны сатып алудың өсуі есебінен ірі қара мал санының (3,7%), қой мен ешкінің (6,1%), шошқа (3,6%), жылқының (5,8%), түйенің (4,9%) және құстың (5,6%) өсуіне қол жеткізілген.

Ауыл шаруашылығы малдары мен құс саны

1 ақпандағы жағдай бойынша, мың бас




2007 жылғы қаңтарда өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда союға өткізілген мал мен құстың тірідей салмағының өсуі 3,8%-ға артты. Ірі қара мал бір басының орташа тірідей салмағы 290 кг, қой мен ешкі – 38 кг, жылқы – 303 кг құрады.

Сиыр сүті өндірісінің өсуі 4,5% болды, ол сауынды сиырлардың орташа басының (1,2%) және бір сиырдан орташа жылдық сауылған сүттің (3,1%-ға) артуына байланысты.

Мекиен тауықтың орташа басының 4,8%-ға өсуі есебінен жұмыртқа өндірісі 0,3%-ға артты.

Қаңтардағы мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру



Мал азығының қолда бары. 2008 жылғы 1 ақпанға ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында 145,7 мың тонна құнарландырылған мал азығы (өткен жылғы деңгейге 114,2%), 421,4 мың тонна шөп (121,4%), 126,0 мың тонна пішендеме (124,9%), 143,2 мың тонна сабан (116,3%), 305,9 мың тонна сүрлем (104,9%) болды. Бұл азық өлшемі бірлігінде 455,9 мың тоннаны құрды немесе өткен жылғы деңгейден 15,2%-ға жоғары. Орта есеппен бір шартты ірі қара мал басына шаққанда азық өлшемі бірлігінің 6,2 центнері келеді немесе өткен жылғыдан 17%-ға көп.

2.5 ҚҰРЫЛЫС

Құрылыс қызметі

2008 жылғы қаңтарда құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі, бағалауды ескере отырып, 39,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы қаңтардағы деңгейден 0,2%-ға артық.


Орындалатын жұмыстардың құрылымында ғимарат тұрғызу және азаматтық құрылыстың үлесі аса көп, жалпы көлемнің 43,9%-ын (2007 жылғы қаңтарда – 64,4%) құрады.

Республика көлемінде жеке құрылыс ұйымдары атқарған құрылыс жұмыстарының үлес салмағы едәуір – 90,1% алады. Шетелдік мердігерлер 9,2%-ын, мемлекеттік ұйымдар 0,7%-ын орындады.

2008 жылғы қаңтарда 1796 үй салынды, оның ішінде 1534 тұрғын және 262 тұрғын емес мақсаттағы. Есепті кезеңде 128 - көлік және байланыс, 79 - сауда, 25 - әлеуметтік-мәдениет мақсатындағы объектісі іске қосылған. Денсаулық сақтау және білім беру саласындағы іске қосылған объектілердің үлесі шамалы болып қалған, бірге алғанда ол тұрғын емес мақсаттағы үйлердің жалпы санының 0,8%-ын құрады.

Құрылыс жұмыстарының нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен




Құрылыс жұмыстары көлемінің өсуі 2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда республиканың 11 өңірінде байқалды. Мұның өзінде құрылыс жұмыстарының қомақты өсуі Ақмола (2,1 есеге), Алматы (1,9 есеге), Оңтүстік Қазақстан (1,6 есеге), Жамбыл (1,3 есеге) облыстарында, сондай-ақ Астана (1,4 есеге) және Алматы (1,3 есеге) қалаларында байқалды.

Жалпыреспубликалық құрылыс жұмыстарының көлемінде Астана, Алматы қалалары және Атырау облысы едәуір үлес (жалпы көлемнен барлығы 50%-дан артық) алады.

Өңірлер бойынша құрылыс жұмыстарының нақты көлем индекстері

өткен жылға тиісті кезеңге %-бен



Тұрғын үй құрылысы


2008 жылғы қаңтарда негізгі капиталға салынған инвестицияның жалпы көлемінің 34,9%-ы тұрғын үй құрылысына жұмсалды (60,7 млрд. теңге), бұл 2007 жылғы қаңтарда игерілген инвестициядан 2 есе көп.

Меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдар және тұрғындар жалпы ауданы 639,3 мың шаршы метр болатын тұрғын үйді іске қосты, бұл 2007 жылғы қаңтардағы деңгейден 30,7%-ға жоғары. Жеке меншік кәсіпорындары, ұйымдары және халықпен іске қосылған тұрғын үйлердің үлесі аса комақты болып қалды (іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы көлемінің 87,7%-ы), оның ішінде жеке тұрғын үй құрылысына жалпы көлемнің 39,2%-ы келеді. Мемлекеттік және шетел кәсіпорындары мен ұйымдары тұрғын үйлердің жалпы көлемінің тиісінше 0,1 және 12,2%-ын іске қосты.

Есепті кезең ішінде республикада орта есеппен халықтың 1000 адамына шаққанда іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданының 41,1 шаршы метрі (2007 жылғы қаңтарда – 31,8 шаршы метр) келеді.

Іске қосылған тұрғын үйлердің нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен



Іске қосылған тұрғын үй көлемінің артуы республиканың 9 өңірінде байқалады. Көлемнің едәуір өсуі Шығыс Қазақстан (3,2 есеге), Алматы (1,6 есеге), Батыс Қазақстан (1,5 есеге) облыстарында, сондай-ақ Астана (1,9 есеге) және Алматы (1,5 есеге) қалаларында байқалды.

Тұрғын үй құрылысының құны. 2008 жылғы қаңтарда тұрғын үйлердің жалпы ауданының 1 шаршы метр құрылысының нақты орташа құны 63,9 мың теңгені (2007 жылғы қаңтарда – 47,6 мың теңге) немесе 17%-ға өсті, оның ішінде халықтың салғаны – 49,2 мың теңгені (2007 жылғы қаңтарда – 35,2 мың теңге) құрады.

2.6 КӨЛІК

2008 жылғы қаңтарда республикадағы **жүк айналымы** (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) 28658,3 млн. ткм құрады, бұл 2007 жылғы қаңтардағы жүк айналымынан 7,5%-ға артық.

Темір жол көлігінің жүк айналымы 2008 жылғы қаңтарда 17178,0 млн. ткм құрады, бұл 2007 жылғы қаңтарға қарағанда 10,3%-ға жоғары, бұл республика ішінде ұзақ қашықтыққа тасымалдаулардың артуы есебінен болды.


2008 жылғы қаңтарда **автокөліктің** жүк айналымы (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) – 4038,4 млн. ткм құрады, бұл 2007 жылғы қаңтарға қарағанда 6,9%-ға артық.

Магистралдық құбырдың жүк айналымы 2008 жылғы қаңтарда 7438,3 млн. ткм құрады, бұл 2007 жылғы қаңтардан 2,1%-ға артық. Жүк айналымының жалпы көлемінен мұнай тасымалдау 3674,0 млн. ткм (Құмкөл-Атасу-Алашанькоу бағыты бойынша мұнай айдау есебінен 2007 жылғы қаңтарда 2,4%-ға артты), газ – 3764,3 млн. ткм (Бұқара-Орал, Союз-Орынбор-Новопсков газ құбыры бойынша транзит көлемінің өсуі есебінен 1,8%-ға артты) құрады.

Әуе көлігінің жүк айналымы 2008 жылғы қаңтарда 3597,1 мың ткм құрады немесе 2007 жылғы қаңтардан 1,5%-ға артты.

Жүк айналымының серпіні


өткен жылғы тиісті айға %-бен



Жолаушылар айналымы 2008 жылғы қаңтарда 2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда 4,2%-ға артты және 8988,0 млн. жкм құрады, соның ішінде темір жол көлігінің жолаушылар айналымы 0,7%, автобустарда – 4,9%, таксиде – 1,2%, әуе көлігінде – 27,7%-ға артты, бұл халықтың көшіп қонуының өсуі және сапарлар ұзақтығының артуына байланысты болды. Сонымен қатар троллейбустағы жолаушылар айналымының – 51,4%, трамвайдың – 13,9%-ға төмендеуі байқалды.

Жолаушылар айналымының құрылымы

пайызбен




2.7 БАЙЛАНЫС

2008 жылғы қаңтарда жедел деректер бойынша республиканың байланыс кәсіпорындары 32,7 млрд. теңге сомда қызмет көрсетті, соның ішінде халыққа көрсетілгені – 13,5 млрд. теңге, бұл 2007 жылғы қаңтарға қарағанда салыстырмалы бағада, тиісінше – 21,4% және 25,1%-ға көп.

2008 жылғы қаңтарда байланыс қызметтерінен түскен табыстар


млн. теңге



Телекоммуникациялық рыноктың дамуына жаңа қуаттарды іске қосу, Интернеттің, жедел әрекетті байланыстың ұдайы дамуы және үлкен корпоративтік желілердің құрылуы ықпал етеді.

Байланыс қызметтерінің серпіні


өткен жылғы тиісті айға %-бен



2008 жылғы қаңтарда байланыс қызметтерінен түскен табыстар құрылымында ең көп үлесті жедел әрекетті байланыс – 53,4% құрайды. 2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда жедел әрекетті байланыс қызметтерінің көлемі 26,8%-ға өсті.

Байланыс қызметтерінен түскен табыстардың құрылымы


пайызбен



Байланыс кәсіпорындары табыстарының жалпы көлемінде халыққа байланыс қызметтерін өткізуден түскен табыс – 41,2% құрады. 2008 жылғы қаңтарда халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстар көлемінде 58,8% - жедел әрекетті байланыс қызметтері, 18,5% - қалааралық, халықаралық байланыс қызметтері, 10,7% - жергілікті телефон байланысы қызметтері, 12,0% - байланыстың өзге де түрлері қызметтерінен түскен табыстар құрайды.

2008 жылғы қаңтарда халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстар

млн. теңге




2.8 САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕР

2008 жылғы қаңтарда бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 163,3 млрд. теңгені құрап, 2007 жылғы тиісті аймен салыстырғанда (тұрақты бағаларда) 4,4%-ға артты, 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 17,9%-ға төмендеді.

2007-2008ж. айлары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының серпіні


өткен жылғы тиісті айға пайызбен



2008 жылғы қаңтарда тұтыну тауарларын сату республика халқының жан басына шаққанда орта есеппен 10,5 мың теңгені құрады, бұл 2007 жылғы осы кезеңге қарағанда 1,7 мың теңгеге жоғары.

2008 жылғы қаңтарда өңірлер бойынша бөлшек сауда тауар айналымының нақты көлем индекстері


өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



Жыл басынан бері жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың тауарлар өткізуінен, базарлардағы саудадан және жеке кәсіпкерлер саудасының айналымынан 159,4 млрд. теңге (97,6%), басқа мемлекеттердің, олардың заңды тұлғалары мен азаматтарынан – 3,9 млрд. теңге (2,4%) алынды. Республикадағы мемлекеттік сауданың үлесі шамалы.

Өткізу арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының құрылымы

жалпы көлемге %-бен



Бөлшек сауда тауар айналымының өсуі, ең алдымен, саудамен айналысатын кәсіпорындар тауар айналымының нақты көлемінің артуына (өткен жылдың тиісті айына 16,9%-ға) байланысты екендігін айта кету керек. Бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемінде қызмет көрсету мәдениетінің жоғары деңгейімен және сапалы тауарлардың мол түрімен қамтамасыз етілетін кәсіпорындар үлесі де (2007 жылғы қаңтарда 49,9%-дан 2008 жылғы қаңтарда 55,9%-ға дейін) тоқтаусыз артуда.

Тұрақты сауда желісі қызметінің дамуына сауда нысанының қазіргі заманғы және озық түрлерін енгізу ықпал етуде.

Барлық өңірлердегі сауда кәсіпорындарында ұзақ пайдаланатын тауарларды кредитке сату өнгізілуде. Төлемдік электрондық кәртiшкелердi пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз сату кең өріс алуда.

Алматы, Астана қалаларында және республиканың басқа да ірі қалаларында супермаркеттер, гипермаркеттер желісі көбеюде, оларда сатып алушылар ең қысқа мерзімде салыстырмалы түрде қолайлы бағалар бойынша қажетті тауарлардың барлық түрлерін сатып ала алады. Сауда кәсіпорындары желісінің тартымдылығы сатып алушыларға сатқаннан кейінгі көрсетілетін сервис қызметімен қамтамасыз етіледі.

Тауар айналымын қалыптастыруда жеке кәсіпкерлік елеулі үлесті құрайды - 22,8%.

Көлемнің төмендеуіне қарамастан (бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемінде 2007 жылғы қаңтарда 24,8%-дан 2008 жылғы қаңтарда 21,3%-ға дейін), республикада жеке адамдардың базарларда сауда жасауы да орын алып отыр, ондағы бағаның қолайлылығы бөлшек сауданың осы саласындағы сатып алудың айтарлықтай өтімділігін қамтамасыз етеді.

Республиканың көтерме сауда тауар айналымы ағымдағы жылдың басынан бастап 385,0 млрд. теңгені құрады немесе 2007 жылғы тиісті айдан 5%-ға көп болды. Мұның өзінде, іс жүзінде алынған тауар айналымының барлық көлемі мемлекеттік емес секторға келеді. Көтерме сауда тауар айналымында азық-түлік емес тауарлар мен өндірістік-техникалық мақсаттағы тауарлардың басым үлес алуы жалғасуда.

2008 жылғы қаңтарда қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсету көлемі 7,1 млрд. теңгені құрады немесе өткен жылдың тиісті кезеңінен 13,3%-ға көп болды. Мұнда қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсетудің жалпы көлемінің 14,7%-ын жеке кәсіпкерлер ұсынып отыр.

Талдау жасалып отырған кезең ішінде техникалық қызмет көрсету және автомобильдерді, мотоциклдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу бойынша қызмет көрсету көлемі 1,4 млрд. теңгені құрады. Бұл қызметтердің басым бөлігі (50,3%) шағын кәсіпкерлік саласында (шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер) ұсынылып отыр.

3. ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТИЛЕРІ МОНИТОРИНГІ

Белсенді шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 2008 жылғы қаңтарда шығарған өнімдері (тауарлар, қызмет көрсетулер) өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (тұрақты бағаларда) 8%-ға өсті және 137186,5 млн. теңгені құрады.


өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен

	Белсенді шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны	Жұмыспен қамтылғандар саны	Өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) шығару
Қазақстан Республикасы	115,6	112,3	108,0
Ақмола	117,2	109,4	103,4
Ақтөбе	133,1	107,3	103,4
Алматы	116,5	114,9	109,2
Атырау	121,0	114,2	97,7
Шығыс Қазақстан	116,7	109,2	120,2
Жамбыл	120,2	122,8	94,3
Батыс Қазақстан	115,4	115,6	103,6
Қарағанды	110,8	110,2	113,0
Қостанай	122,7	109,2	103,8
Қызылорда	110,3	105,8	83,6
Маңғыстау	124,4	118,5	94,7
Павлодар	112,5	106,8	112,3
Солтүстік Қазақстан	107,4	105,3	110,5
Оңтүстік Қазақстан	99,5	102,4	97,5
Астана қаласы	130,0	135,0	132,5
Алматы қаласы	122,7	114,9	99,9

Шығарылған өнімдердің өсуі көптеген өңірлерде тіркелді, едәуір өсуі Астана қаласында, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында байқалды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері шығарған өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсетулердің) құрылымы

пайызбен




Рыноқта белсенді жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2008 жылғы 1 ақпанға өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 15,6%-ға артып, 656641 бірлікті құрады, оның ішінде 55867 заңды тұлғалар, 432081 – жеке кәсіпкерлер және 168693 шаруа қожалықтары.

Республиканың барлық өңірлерінде белсенді жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 1000 тұрғынға шаққандағы санының артуы белгіленді. Олардың санының ең көп артуы Ақтөбе (10,8 бірлікке), Атырау (10,4 бірлікке) және Қостанай (10,2 бірлікке) облыстарында, сонымен қатар Астана қаласында (9,9 бірлікке) да едәуір өсті. Басқа өңірлерде көрсеткіштің артуы 2-ден 9 бірлікке дейін құрады.

Белсенді жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 1000 тұрғынға шаққандағы саны бойынша өңірлердің бөлінуі


бірлік



Шағын кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандар саны 12,3%-ға артып, 1825893 адамды құрады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері санының өсуінің негізгі факторлары шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік және өңірлік деңгейлердегі қолдаудың, ұйымдастыру және экономикалық тетіктерді жетілдіру шараларының жүйесі болып табылады.

Шағын кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандар саны


мың адам



2008 жылғы 1 ақпанға шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыспен қамтылғандар санының ең көп артуы өткен жылғы тиісті көрсеткішпен салыстырғанда Астана қаласында (35%), Жамбыл (22,8%), Алматы (14,9%-ға) облыстарында белгіленді. Республиканың қалған өңірлерінде арту шамалы пайызды құрады.

Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар санының құрылымы

пайызбен



4. СЫРТҚЫ САУДА


(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Көдендік бақылау комитетінің ақпараты)

4.1 СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫ

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы кеден статистикасының деректері бойынша ұйымдаспаған сауда есебінсіз 2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда 80511,7 млн. АҚШ долларын құрады және 2006 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 30%-ға артты, оның ішінде экспорт – 47755,3 млн. АҚШ доллары болып, 24,8%-ға артты, импорт (тасымалдауға және сақтандыруға кеткен шығыстарды есепке алғанда) – 32756,4 млн. АҚШ долларын құрап, 38,3%-ға артты.

Экспорттың тауарлық құрылымы

қорытындыға %-бен




Қазақстан өнімдерінің негізгі сатып алушылары: Италия (16,3%), Швейцария (15,7%), Қытай (11,8%), Ресей Федерациясы (9,8%), Франция (8,3%), Нидерланды (5,2%), Иран (5,1%), Ұлыбритания (2,4%), Украина (2,3%), Израиль (2,2%), Түркия (2,0%).

Талданып отырған кезең ішінде экспорттың жалпы көлеміндегі ТМД елдерінің үлесі 16,7% (2006 жылғы қаңтар-желтоқсанда – 14,6%) құрады.

Импорттың тауарлық құрылымы

қорытындыға %-бен



2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда инвестициялық тауарлар импорттың жалпы көлемінде 14883,1 млн. АҚШ долларын немесе 45,4% (2006 жылғы қаңтар-желтоқсанда – 11012,6 млн. АҚШ доллары немесе 46,5%) құрады.

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда барлық импорттық жеткізілімдердің 44,6%-ы ТМД елдеріне (2006 жылғы қаңтар-желтоқсанда – 46,7%) келеді. Импорт өнімдерінің негізгі жеткізушілері: Ресей Федерациясы (импорттың жалпы көлемінің – 35,5%-ы), Қытай (10,7%), Германия (7,9%), АҚШ (5,0%), Украина (4,7%), Жапония (4,2%), Италия (3,5%), Түркия (2,9%), Ұлыбритания (2,3%), Франция (2,2%).

4.2 ТМД МЕМЛЕКЕТТЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда ТМД елдерімен сыртқы сауда айналымы 22564,6 млн. АҚШ долларын құрады және 2006 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 35,6%-ға артты, оның ішінде экспорт – 7965,3 млн. АҚШ доллары болып, 42,9%, импорт – 14599,3 млн. АҚШ долларын құрап, 32%-ға артты.

Жалпы тауар айналымындағы ТМД мемлекеттерінің үлесі 28% (2006 жылғы қаңтар-желтоқсанда – 26,9%) құрады.

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда ТМД мемлекеттеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералдық өнімдердің үлес салмағы 47% (2006 жылғы қаңтар-желтоқсанда – 50%), азық-түлік тауарлары – 14% (12%), химиялық өнімдер – 15% (14%) құрады.

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда ТМД елдерінен әкелінетін импорт көлеміндегі машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, приборлар мен аппараттардың үлесі – 26% (2006 жылғы қаңтар-желтоқсанда – 27%), минералды өнімдер – 27% (29%), металлургия өнімдері – 17% (17%), химия тауарлары – 9% (9%) құрады.

ТМД елдері минералдық, химия және металлургия өнімдерінің негізгі жеткізушілері болып табылады: 2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда осы елдерден әкелінетін минералдық ресурстар импортының көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі 92% (2006 жылғы қаңтар-желтоқсанда – 94%), металлургия өнімдері – 57% (59%), азық-түлік тауарлары – 63% (56%), химия тауарлары – 38% (40%) құрады.

4.3 ӘЛЕМНІҢ БАСҚА ЕЛДЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда айналымы 57947,1 млн. АҚШ долларын құрап, 2006 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 27,9%-ға артты, оның ішінде экспорт – 39790 млн. АҚШ доллары болып, 21,8%, импорт – 18157,1 млн. АҚШ долларын құрап, 44%-ға артты.

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда әлемнің басқа елдеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералды шикізаттың үлес салмағы – 74% (2006 жылғы қаңтар-желтоқсанда – 76%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері – 17% (16%) құрады.

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда әлемнің басқа елдерінен әкелінген импорт көлеміндегі машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, приборлар мен аппараттардың үлесі – 63% (2006 жылғы қаңтар-желтоқсанда – 61%), азық-түлік тауарлары – 5% (6%), химия өнімдері – 12% (12%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері – 10% (10%) құрады.

Елдің аса маңызды тауарларға қажеттілігін қамтамасыз етуде әлемнің басқа елдері үлкен роль атқарады: 2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда осы елдерден әкелінген машина жасау өнімдері импортының көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі – 75% (2006 жылғы қаңтар-желтоқсанда – 72%), фармацевтикалық тауарлардың – 87% (85%), киімдердің – 78% (82%), азық-түлік тауарларының үлесі – 37% (44%) құрады.


4.4 ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің деректері бойынша 2007 жылғы үшінші тоқсанда төлем балансының ағымдағы операциялар шоты бойынша теріс сальдо – 2870,6 млн. АҚШ доллары мөлшерінде қалыптасты (2006 жылғы шілде-қыркүйекте нәтиже оң мәнді болып, 42,5 млн. АҚШ долларын құрады). Бұл қызметтер бойынша 1458,2-ден 2435,4 млн. долларға, табыс бойынша 2665,7-ден 2769,7 млн. долларға, ағымдағы трансферттер бойынша 322,4-тен 764,7 млн. долларға дейін операциялардың теріс нәтижесінің өсуімен, сондай-ақ тауар бойынша 4488,9-ден 3099,3 млн. долларға дейін оң нәтижелердің төмендеуімен түсіндіріледі.

Тауар айналымы (ф.о.б. бағасында) 2007 жылғы үшінші тоқсанда өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 18,1%-ға өсіп, 21196,3 млн. долларды құрады. Тауар айналымында импорт – 42,7% (9048,5 млн. доллар), экспорт – 57,3% (12147,8 млн. доллар) алады. ТМД елдерінен көрсетілген кезеңде тауарлар импортының көлемі – 28,4%, экспорт – 34,7%-ға өсті. Алыс шет елдерден, тиісінше, 40,1% және 4,1%-ға өсті.

2006 және 2007жж. импорт және экспорт көлемі

млн. АҚШ доллары



Көрсетілген қызметтер көлемі 2007 жылғы шілде-қыркүйекте 956,3 млн. долларды құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңге қарағанда 19,2%-ға көп. Көрсетілген қызметтердің жалпы көлемінде көліктік қызметтер – 45,1%, сапарлар бойынша қызметтер – 34,3%, өзге де қызметтер – 20,6% алады.

Импортталатын қызметтер көлемі 3391,8 млн. доллар сомасында белгіленді, оның ішінде көліктік қызметтер – 576,7 млн. доллар, сапарлар бойынша қызметтер – 346,2 млн. доллар, өзге де қызметтер – 2468,9 млн. доллар.

2007 жылғы үшінші тоқсанда өткен жылғы тиісті тоқсанмен салыстырғанда инвестициялардан және жұмыс істейтіндерге өтемақыдан түскен табыс 2,5 есеге өсіп, 879 млн. доллар, ал көрсетілген баптар бойынша төлемдер – 3648,7 млн. доллар (2006 жылғы шілде-қыркүйекте – 3016,6 млн. доллар) құрады.

Қаржы операцияларының шоты 2007 жылғы шілде-қыркүйекте оң мәнді болып – 5050,3 млн. доллар (2006 жылғы шілде-қыркүйекте – 2123,4 млн. доллар) көлемінде қалыптасты.

Тікелей инвестициялармен жасалған операциялар бойынша сальдо 1437,2 млн. долларды (2006 жылғы үшінші тоқсанда 1228,4 млн. доллар) құрады. Есепті кезеңде шетелдегі тікелей инвестициялармен жасалған операциялар нәтижесі теріс болып – 374,8 млн. долларды, ал Қазақстанда оң болып – 1812 млн. долларды құрады.

2007 жылғы үшінші тоқсанда портфельдік инвестициялармен жасалған таза операциялар теріс мәнді болып – 2039,9 млн. доллар (2006 жылы теріс – 1622,5 млн. доллар) қалыптасты.

Төлем балансының “Басқа да инвестициялар” бабы бойынша жүргізілген операциялардың таза нәтижесі 1520,9 млн. долларды (2006 жылғы үшінші тоқсанда 2721,6 млн. доллар) құрады. Активтер көлемінің көп бөлігін валюта мен депозиттермен байланысты операциялар (310 млн. доллар), міндеттемелер көлемінде – қарыздарға (1459,7 млн. доллар) келеді.


Қазақстанның резервтегі активтерінің өзгеруі 2007 жылғы шілде-қыркүйекте оң болып, 4444,9 млн. долларды құрады.

5. ТАУАР НАРЫҒЫ

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда республиканың экономикалық айналымындағы табиғи отын-энергетикалық ресурстар шартты түрдегі отынға есептегенде 173,1 млн. тоннаны құрап, 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 0,1%-ға көп. Олардың құрылымындағы негізгі үлесті, әдеттегідей, шикі мұнай және көмір алады.

2007 жылғы қаңтар-желтоқсандағы табиғи отын ресурстарының құрылымы

пайызбен




2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда мұнай ресурстары 63,3 млн. тоннаны құрап, 2006 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 5,5% жоғарылады, көмір және лигнит – 94,8 млн. тонна және 1,8%, табиғи газ – тиісінше 16,7 млрд. текше м және 19,2%-ға төмендеді.

Табиғи отын ресурстарының толығын отандық өндіріс қамтамасыз етеді. 2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда елде 55,6 млн. тонна шикі мұнай (ресурстардың жалпы көлемінің 87,8%-ы), көмір және лигнит – 94,4 млн. тонна (99,6%-ы) өндірілді.

Мұнай өнімдерінің нарығы меншікті өндірістің өнімдерінен және жартылай импорттан құралады. Сұйытылған пропан және бутанның ресурстарында отандық өндіріс үлесі 99%, мазутта – 93%, дизельдік отында – 87,1%, бензинде – 77,6%, керосинде – 62% құрады. Экспортқа сұйытылған пропан және бутанның – 88,8%, мазуттың – 51,9%, дизельдік отынның – 46,4%, бензиннің – 6,7%-ы жіберілді, ал керосин ішкі нарықта дерлік толық тұтынылды.

2007 жылғы қаңтар-желтоқсандағы мұнай өнімдерінің жекелеген түрлері ресурстарының қалыптасу құрылымы және экспорты

пайызбен




Азық-түлік нарығында ұн (ресурстар көлемінің 99,9%-ы) және минералды сулар мен алкогольсіз сусындар (94,5%), жармалар (88,2%) ресурстары толық отандық өндіріспен қамтамасыз етіледі. Өндірілген ұнның жартысынан көбі экспортқа жіберіледі (52%), оның көлемі 2006 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 29,6% өсті. Сүт өнімдерінің, макарон өнімдері, арақ, ликер-арақ және темекі өнімдерінің, сыра, қант, өсімдік майы ресурстарында отандық өндіріс үлесіне 71%-дан 95%-ға дейін келеді.

Кейбір азық-түлік тауарлары бойынша импорт өндірістен асып түседі. Импорт қайта өңделген жемістер мен жаңғақтар ресурстарында ол 83,2%, көкөніс және консервіленген саңырауқұлақта – 77,1%, құс етінде – 69,5%, кофе және шай – 63,2%, консервіленген балықта – 62,8% құрайды.

2007 жылғы қаңтар-желтоқсандағы азық-түлік тауарлары ресурстарының қалыптасу құрылымы және экспорты


пайызбен



Азық-түлік нарығы республикадағы өндіріспен қатар, басқа елдерден алып келінген тауарлармен қамтамасыз етіледі. Кілем және кілем өнімдерінің импорты 2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда ресурстардың жалпы көлемінің 98,7%-ын, сабынсулар және шашқа арналған құралдар – 87,9%-ын құрады, бұл олардың өндірісінің 62,6% және 30,7%-ға қысқаруымен байланысты болды. Ауыз қуысы және тіс гигиенасы құралдары импортының жеткізілім үлесі – 99,8%, қырынуға арналған құралдардың – 99,4% және фармацевтикалық дәрі-дәрімектердің импортының жеткізілім үлесі – 87,9% елеулі болды. Электр тұрмыстық тауарлар ішінде ресурстардың жалпы көлемінен кір жуғыш машиналардың – 82,3%-ы, миксерлер және шырын сыққыштардың – 98,5%-ы, электр қозғалтқышы кіріктіре салынған өзге де тұрмыстық приборлардың – 99,5%-ы импортталды. Компьютерлік жабдық нарығында, импорттық жеткізілімнің едәуір өсуімен қатар (1,8 есеге), отандық өндіріс көлемінің өсуі де (1,4 есеге) байқалады, бұл ресурстардағы өндірістің 3,7% үлесін қамтамасыз етті. Теледидарлар және магнитофондар нарығында басқа жағдай байқалады. Олардың ресурстарында импорттық жеткізілімдердің үлесі тиісінше 29,4% және 68,8% құрайды.

2007 жылғы қаңтар-желтоқсандағы азық-түлік емес тауарлардың құрылымы

пайызбен



Құрылыс материалдарының көп түрлері үшін ресурстардың толығы импорттық жеткізілімдер есебінен болды. Ағаш-жаңқалы тақталар, линолеумдар және еден жабындары дерлік толық, шыны талшықтарының – 96,8%-ы, қыш тақталар және тақтайшалардың – 96,6%-ы импортталады. Бояулар және лактар импорты ресурстар көлемінің 63,3%, қыш кірпіштер – 98,6%-ын құрайды. Отандық өндіріс үлесі табиғи шикізаттар болып табылатын – өк (ресурстардың жалпы көлемінің 93,2%-ы), асбест (96,7%), ғаныш (98,3%), табиғи құмдар (98,8%), бор және доломит (99,4%), саз балшық және каолин (99,8%) құрылыс материалдарында басым.

Отандық өндірістің – 16,2%, импорттың – 35,4% өсуі есебінен, 2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда цемент ресурстары – 22,9%-ға өсті. Отандық өндіріс үлесі ресурстардың жалпы көлемінде 3,5 пайыздық тармаққа төмендеп, 61,6% құрады. Цемент толық ішкі нарықта тұтынылды.


6. ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар

2008 жылғы қаңтарда негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар 173,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы қаңтардан 10,7%-ға көп.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен




2008 жылғы қаңтарда негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың артуы өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда республиканың 11 өңірінде байқалды. Мұнда негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың елеулі өсуі жабдық сатып алуға және тұрғын үй құрылысына жұмсалған шығындардың артуына Ақмола облысында (2,3 есеге), тұрғын үй құрылысы белсенді екпінмен жүргізілген Астана қаласында (2,1 есеге) және Алматы облысында (78,3%-ға), мұнай кен орындарын жайластыруға инвестициялық салымдарының артуына байланысты Қызылорда облысында (63,6%-ға) байқалды.

2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда инвестиция көлемінің төмендеуі Маңғыстау (48%-ға), Оңтүстік Қазақстан (39,1%-ға), Солтүстік Қазақстан облысында (29,1%-ға), Алматы қаласында (11,6%-ға), Атырау облысында (8,3%-ға) болды, бұған инвестициялық жобалардың кейбіреуінің аяқталуы себеп.

Өңірлер бойынша негізгі капиталға инвестициялар игеру қарқыны

өткен жылғы тиісті айға %-бен




2008 жылғы қаңтарда шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаты (50,8%) мен шетел инвестициялары (17,3%) негізгі капиталға қаражат салудың негізгі көздері болып табылды. Бюджет қаражаты 1,9%, қарыз қаражаты – 30% құрады.

Шетел инвестицияларының ең көп көлемі Атырау облысында (72,1%) игерілді, себебі бұл экономиканың мұнай-газ секторын дамытуға қаражат салатын шетел инвесторлары үшін ең тартымды өңір.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар құрылымының едәуір бөлігін жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар (73,6%), сондай-ақ қызметін Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге асыратын басқа мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (24,2%) қаражаты құрады. Мемлекеттік сектордың үлесі – 2,2% құрады.

Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар құрылымы


пайызбен



Инвестициялық тартымдылығы бойынша инвестициялаудың басым салалары жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жалға алу және тұтынушыларға қызмет көрсету негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың жалпы көлемінің – 47,5%-ы, мұнай және табиғи газ өндіру, осы салаларда қызмет көрсету – 26,8%, өңдеу өнеркәсібі – 5,8%, көлік және байланыс – 5,7% болып қалады.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың технологиялық құрылымы

пайызбен



7. БАҒАЛАР

7.1 ТҰТЫНУ БАҒАЛАРЫ

2008 жылғы қаңтарда 2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда **тұтыну рыногындағы** бағалар – 18,7%-ға, 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда – 1,1%-ға өсті. Ағымдағы жылғы қаңтарда бағалардың ең жоғары өсімі азық-түлік тауарларына – 1,6%-ға байқалды, ал олардың инфляцияға “салымы” ең елеулі – 0,6% болды. Азық-түлік емес тауарлардың бағасы 0,8%, ақылы қызмет көрсетулер – 0,6%-ға өсті, бұл бағалардың жалпы өсіміне, тиісінше, 0,3% және 0,2% қосты.

Өткен айда **тамақ өнімдерінен** бағалардың елеулі өсімі жемістер мен көкөністерге – 4,8% (2007ж. желтоқсанда – 4,6%-ға), сүт өнімдері мен жұмыртқаға – 3,3%-ға (6,4%-ға) байқалды. Жаңа сауылған сүт бағасының деңгейі ай ішінде 4,2%, ірімшік және сүзбеге – 3,5%, айран мен қаймаққа – 3,4%-дан өсті.

Ет және ет өнімдері бағасының өсімі 1,5% құрады, бұл өткен айға қарағанда 0,4 пайыздық тармаққа аз. Шошқа еті 2,1%, сиыр еті – 1,7%, қой еті – 1,4%, құс еті – 1,3%, жылқы еті мен шұжық өнімдері 1,1%-дан қымбаттады. Балыққа баға деңгейі ай ішінде 1,6% (2007ж. желтоқсанда – 2,8%-ға) өсті.

Нан мен жарма өнімдерінің бағасы 0,8%-ға өсті, бұл 2007 жылғы желтоқсанда 2,5% болды, ал макарон өнімдері – 1,9%, күріш – 1,2%, жармалар – 1%, ұн – 0,5%-ға өсті. Мал майы бағасының 2,5%-ға өсімі есебінен май және тоң майлар ай ішінде 0,4%-ға (2007ж. желтоқсанда – 1%-ға) қымбаттады. Күнбағыс майы – 0,9%, қант – 1,5%-ға арзандады.


Ағымдағы жылғы қаңтарда **азық-түлік емес тауарлар** тобында бағалардың едәуір жоғарлауы халыққа арналған энергия ресурстарына: дизель мен қатты отынға – 2,8%-дан, бензинге – 0,6%-ға байқалды. Киім мен аяқ киім бағасы 0,9%, жуу және тазалау құралдары – 0,8%, үйде пайдаланылатын заттар және жеке гигиена тауарлары – 0,7%-дан, дәрі-дәрмектер – 0,6%-ға өсті.

Ақылы қызмет көрсетулер саласында бағалардың едәуір өсуі почта қызметтеріне 22,9%-ға тіркелді. Посылкаларды жөнелтуге тарифтер 27,6%, почта маркалары – 15,1%-ға өсті. Медициналық және мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қызметтеріне баға деңгейі 1,8%-дан, мәдениет пен демалыс қызметтері – 0,7%, жолаушылар көлігі қызмет көрсетулері 0,4%-ға өсті. Шаштараздар қызметтері 2,3%, мейрамханалар мен қонақ үйлердің қызметтері 1,3%-ға қымбаттады.

Тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетулердің төлемі ай ішінде 0,3% (2007ж. желтоқсанда – 0,8%-ға) өсті. Қоқыс жинау тарифтері – 2,8%, орталықтан жылытуға – 1,1%, сумен жабдықтау – 0,7%, газбен жабдықтауға тарифтер – 0,1%-ға өсті. Оның төмендеуі электр энергиясына 2,1%, көріз бен суық суға – 0,6%-дан, бөлінетін желілер бойынша тасымалданатын газға – 0,4%-ға байқалды.

2007-2008 жылдардағы инфляция


өткен айға пайызбен, өсуі +, төмендеуі –



2008 жылғы қаңтарда жаңа үйдің бір шаршы метрін сату бағасы республика бойынша орта есеппен 160,6 мың теңгені құрап, өткен аймен салыстырғанда 0,5%-ға төмендеді, көркейтілген тұрғын үйді қайта сату бағасы, тиісінше – 135,7 мың теңге болып, 0,3%-ға төмендеді.

2007-2008 жылдардағы тұрғын үй рыногындағы бағалардың өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсуі +, төмендеуі –



Жемістер мен көкөністерге, бензинге, көмірге баға өсуінің әсерін есепке алмай есептелген базалық инфляция 2008 жылғы қаңтарда 0,9%, 2007 жылғы желтоқсанда 1,8% құрады.

2008 жылғы Қазақстан Республикасындағы инфляция

пайызбен, өсуі +, төмендеуі -

	2008ж. қаңтар	
	2007ж. желтоқсанға	2007ж. қаңтарға
Инфляция	1,1	18,7
Базалық инфляция	0,9	18,5
Ақшалай табысы ең төмен халықтың топтарына арналған бағалар мен тарифтердің өзгеруі	1,1	22,8
Ақшалай табысы ең жоғары халықтың топтарына арналған бағалар мен тарифтердің өзгеруі	1,1	17,0

2008 жылғы қаңтарда 2007 жылғы желтоқсанға қарағанда негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі нормаларынан есептелген орташа халықтың жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 4,9%-ға өсіп, 11292 теңгені (тағам өнімдері – 6775 теңгені, азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтер – 4517 теңгені) құрады. 2008 жылғы қаңтарда оның құрылымында ет пен балықты сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі 19,2%, сүт, май-тоқ май өнімдері мен жұмыртқаны – 17,1%, жемістер мен көкөністерді – 12,4%, нан өнімдерін – 9,2%, қант, шай және дәмдеуіштерді сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі – 2,1% құрады.

7.2 ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ БАҒА

Өнеркәсіп өнімін өндіруші-кәсіпорындар бағалары, өндірістік сипаттағы қызметтер көрсетуді қоса ағымдағы жылғы қаңтарда 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 0,1%-ға төмендеді. Өндірілген өнім бір ай ішінде 0,1% арзандап, өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулер – 0,3%-ға қымбаттады. Түпкілікті мақсат бойынша сыныпталған өнімдер тобынан өндіріс құралдарының бағасы 6,1%, тұтыну тауарлары – 1,8%-ға өсті, ал аралық тұтыну өнімдерінің бағасы 0,3%-ға төмендеді.

**2007-2008 жылдардағы өнеркәсіп өнімін
өндіруші кәсіпорындар бағаларының индексі**

пайызбен, өсуі +, төмендеуі-

	Өткен айға		Тиісті айға	
	2008ж. қаңтар	2007ж. қаңтар	2008ж. қаңтар	2007ж. қаңтар
Өнеркәсіп өнімдері, өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулерді қоса	-0,1	0,1	31,7	11,0
Өндірілген өнім	-0,1	0,1	33,4	11,1
Өндіріс құралдары	6,1	0,5	27,6	8,0
Аралық тұтыну өнімдері	-0,3	0,0	35,3	11,6
Тұтыну тауарлары	1,8	0,4	14,7	7,7
Өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулер	0,3	0,6	6,9	9,5


Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағаларының базалық индексі (мұнай мен металл бағаларының өзгеруі есебінсіз) ағымдағы жылғы қаңтарда 2007 жылғы желтоқсан айына қарағанда 101% құрады.

Өткен айда түсті металдар бағасының 8,2%-ға төмендеуі өнеркәсіптегі баға төмендеуінің негізгі факторы болды. Бұл өнеркәсіптегі баға серпініне 0,7% теріс “салым” қосты. Отандық өндірушілерде қорғасын бағасы 13,3%, мыс – 12,5%, өңделмеген алюминий – 3,4%-ға төмендеді және тек бағалы металдарға баға 0,1%-ға өсті. Қара металдар бағасының жағымсыз сыртқы сауда конъюнктурасы олардың республикада 1,4%-ға арзандауына ықпал етті, бұл өнеркәсіптегі бағаның жалпы деңгейін 0,1%-ға төмендетті. Жууға және тазалауға арналған құралдардың - 4,3%, сырлар мен лактар бағасының 1,8%-ға өсуі есебінен өткен айда баға өсімі химия өнеркәсібінде 1,9%-ға тіркелді.

Республикада газ конденсатын өндіру бағасы олардың 2007 жылғы желтоқсанда 16%-ға өсуінен кейін, ағымдағы жылғы қаңтарда 2,2% төмендеді, табиғи газ – тиісінше 0,5% және 0,4%. Осы уақытта көмірдің бағасы 4,9%, металл кендері – 4,4%, мұнай – 0,5%, электр энергиясы – 0,9%-ға өсті. Энергия ресурстары жалпы бір айда 0,4%-ға (2007ж. желтоқсанда – 7,8%) қымбаттады.

2007-2008 жылдардағы шикізаттық энергия ресурстарын өндіруші кәсіпорындар бағасының индексі

өткен айға пайызбен



Республикада өндірілген азық-түлік тауарлары ағымдағы жылғы қаңтарда 2007 жылғы желтоқсан айына қарағанда 1,8%-ға өсті. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерде шикізат бағасының өсуі сүт өнімдерінің 6,7% және өсімдік майының – 3,1%-ға қымбаттауына әсер етті. Аграрийлерде астық бағасының ұқсас өзгерісі олардың бидай ұнына – 1,1% және нанға – 0,6%-ға өсуіне әкелді. Осы кезде маргарин 2,4%, кондитер өнімдері – 1,6%, балық – 1,3% қымбаттады, ал күріш – 2,1%-ға төмендеді.

Байқалған өндірістік сипаттағы қызметтер ішінде өткен айда газет басу бойынша қызметтер - 7,3%, машина мен жабдықтарды жөндеу бойынша қызмет көрсету тарифтерінің 2,2%-ға өсуі, ал электр энергиясын өңірлік электр стансаларымен тасымалдау және газ тәрізді отынды құбыр желісі арқылы бөлуде, керісінше, 0,1%-дан төмендеуі тіркелді.

Технологиялық үдерістерге арналған өнеркәсіп кәсіпорындары сатып алған өндіріс ресурстарына бағалар индексі ағымдағы жылғы қаңтарда 2007 жылғы желтоқсан айына қарағанда 101,1%

құрады. Республикада сатып алынған шикізат пен материалдар бағасы бір айда 1,4% өсті, алыс шетелден – 1,4%-ға төмендеді, ал жақын шетелден - өзгеріссіз қалды.

Республикадан шығарылған тауарлардың бағасы 2007 жылғы қарашада қазанмен салыстырғанда 7,2%, 2006 жылғы желтоқсанмен – 36,3%-ға өсті. Достастық елдеріне жеткізілген өнім ай ішінде 3,1%, әлемнің өзге де елдеріне – 8%-ға қымбаттады. Қайта өңдеу сатылары бойынша сыныпталған, экспорттық өнім топтарындағы шикізаттардың бағасы 9%, жартылай дайын фабрикаттар – 3,6% өсіп, дайын тауарлар – 3,9%-ға төмендеді. Минералды шикізаттар ішінде экспорттық жеткізілім бағасының едәуір жоғарылауы газ конденсатына 9,6%, мұнайға - 9,3% және көмірге – 8,9%-ға, ал төмендеуі – мырыш және марганец кендеріне, тиісінше - 14,4% және 6,7%-ға тіркелді. Қара металдар 6,7%, түсті металдар – 2,9%-ға қымбаттады. Шетелге жеткізілген азық-түлік тауарларынан баға өсімі бидайға - 12,9%, сүт өнімдеріне – 4,8%, балыққа - 2,5%-ға байқалды, бұл кезде олардың төмендеуі көкөністерге - 2,2% және қантқа – 0,8% құрады.

Қазақстанға әкелінген өнімдер бағасының индексі 2007 жылғы қарашада қазанмен салыстырғанда 104%, 2006 жылғы желтоқсанмен – 110,6%, жақын шетелден – тиісінше 105% және 114,8%, алыс шетелден – 102,6% және 105,1% құрады. Импортталынатын тауарлар ішінде бір айда бағаның едәуір өсуі темекіге – 9,9%, алкогольді ішімдіктер және алкогольсіз сусындарға – 5,5%, құс етіне - 3%, құрылыс материалдарына – 2,7% және сүрекке – 1,8%-ға тіркелді. Фармацевтикалық тауарлар, керісінше - 8,1%, макарон өнімдері - 3%-ға арзандады.

Ағымдағы жылғы қаңтарда 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда **ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу бағасы** 2,4% (өткен жылғы сол кезеңде – 2,6%), мал шаруашылығы өнімдерінің бағасы - 3% (2,3%), өсімдік шаруашылығы өнімдерінің бағасы - 1,9%-ға (2,8%-ға) өсті.

Ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағалардың өзгеруі


пайызбең, өсуі +, төмендеуі-

	2008ж. қаңтар		2007ж. қаңтар 2006ж. қаңтарға
	2007ж. желтоқсанға	2007ж. қаңтарға	
Ауыл шаруашылығы өнімдері	2,4	38,8	11,3
Өсімдік шаруашылығы өнімдері	1,9	52,8	14,0
Мал шаруашылығы өнімдері	3,0	20,0	7,8

Ағымдағы жылғы қаңтарда күнбағыс тұқымы - 10,9%, сүт - 6,6%, қатты бидай - 5,2%, жұмыртқа - 4,6%-ға елеулі қымбаттады. Мал етінің барлық түрлерінің бағасы - 1,3% (жылқы еті -2,1%, қой еті -1,7%, ірі қара мал еті - 1,2%), ал құс еті - 2,3%-ға қымбаттады. Картопқа баға өсімі - 1,7%, көкөністерге - 2,8% құрады. Олардың ішінен бағаның жоғарылауы қиярға - 14,2%, қызылшаға - 4,7%, қырыққабатқа - 3,2%, бас пиязға - 2,6%, сәбізге - 1,9%-ға белгіленді.

2007-2008 жылдардағы қаңтарда ауыл шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлеріне бағалардың өзгеруі


өткен жылғы желтоқсанға пайызбең, өсуі+, төмендеуі-



Ағымдағы жылғы қаңтарда 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда **құрылыстағы баға индексі** 100,2% (өткен жылғы тиісті кезеңде - 100,5%) құрады. Құрылыс-монтаж жұмыстары және өзге де жұмыстар мен шығындардың бағасы - әрқайсысы 0,3%-дан (0,5% және 0,6%-ға) өсті, ал технологиялық жабдықтарға баға тура осындай мөлшерде кеміді.

2007-2008 жылдардағы құрылыстағы баға индексі

өткен жылғы тиісті айға пайызбен



Ағымдағы жылғы қаңтарда құрылыс ұйымдарымен сатып алынған материалдар, бөлшектер және конструкцияларға баға өсімі 0,1% құрады. Қыш тақтайшалар, минералды металл емес бұйымдар, жарық беретін құрылғылар - 1-1,7%, бетоннан жасалған бұйымдар, құм, малта тас, қиыршық тас, тауарлы бетон, құрылыс металл конструкциялары – 0,1-0,6%-ға қымбаттады. Қыштан жасалған кірпіштер, портландцемент, құрылыстық ерітінділер, қара металдар, линолеумға бағаның төмендеуі 0,3-0,7% болып белгіленді.

Ағымдағы жылғы қаңтарда 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда **көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау тарифтерінің индексі** – 99,7% (өткен жылғы тиісті кезеңде – 99,6%) құрады.

Республика ішіндегі қатынас тарифтерінің 0,9%-ға төмендеуі есебінен, өткен айда темір жол көлігі қызметі 0,3%-ға арзандады. Құбыр желісі көлігіне жүк тарифтері 0,4%, табиғи газды айдауға – 0,9%, мұнайды айдауға - 0,2%-ға төмендеді.

Ағымдағы жылғы қаңтарда автомобильмен жүк жеткізу 1,9%, ал қала ішінде және қала маңы қатынасына – 4,4% және 2%, ТМД елдеріне – 2,5%, республика ішінде - 0,8%-ға қымбаттады.

8. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ


8.1 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті. ҚР Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша 2008 жылғы 1 қаңтарға мемлекеттік бюджет табыстары 2887,8 млрд. теңгені немесе орындалатын бюджетке қатысты 100,3% құрады. Шығындар бойынша бюджеттің орындалуы 2678,2 млрд. теңгені құрады және ол бойынша орындау – 98,5% құрады. 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда табыстар 23,5%-ға, ал шығындар 24,5%-ға артты. Бюджет тапшылығы (таза бюджеттік кредит беруді және қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдоны есепке алғанда) 215,3 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты.

Мемлекеттік бюджет табыстарының құрылымында негізгі үлесті салықтық түсімдер (81,6%) алады. Бюджеттің негізгі қайнар көзі корпоративтік табыс салығы, қосылған құнға салық және әлеуметтік салық болып табылады. Салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер және трансфертер түсімі, тиісінше, 6,3%, 3,2% және 8,9% құрады.

Мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімдерінің құрылымы


пайызбен



Әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалған шығындар 2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 18,9%, жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулерге – 41,5%, білім беруге – 39,2% және денсаулық сақтауға – 34,0%-ға артты.

Мемлекеттік бюджет шығындары
(2007-2008жж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша)

млрд. теңге



2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Республикалық бюджетке түскен табыстар 2221,5 млрд. теңгені құрады. Шығындар 2068,3 млрд. теңге сомда өндірілді. Бюджет тапшылығы 212,5 млрд. теңге деңгейінде белгіленді. Өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда табыстар 20,3%, ал шығындар 22,6%-ға артты.

Республикалық бюджет табыстарының 73,2%-ын салықтар, 7,7%-ын-салықтан тыс түсімдер, 18,7%-ын трансферттер түсімі, 0,4%-ын негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер құрады.

Республикалық бюджет шығындарында әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға – 22,4%, жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулерге – 23,1%, көлік және коммуникацияға – 10,5%, білім беруге – 7,2% және денсаулық сақтауға – 4,9% келеді.

Жергілікті бюджетке түскен табыстар 1524,5 млрд. теңгені, шығындар 1468,1 млрд. теңгені құрады. 2006 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда табыстар 48,5%, шығындар – 46,8%-ға өсті. Бюджет профициті 9,1 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты.

8.2 АҚША-КРЕДИТ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2007 жылғы желтоқсанның соңына ақша базасы (резервтік ақшалар) 1464,3 млрд. теңге (2006 жылғы желтоқсанның соңына – 1501,3 млрд. теңге) сомасында анықталды және өткен аймен салыстырғанда 1,7%-ға кеміді. Ақша базасының құрамында Қазақстанның Ұлттық Банкінен (ҚҰБ) тыс қолма-қол ақшалар және екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Ұлттық Банкіндегі басқа ұйымдардың депозиттері тиісінше 859,9 млрд. теңге мен 604,4 млрд. теңгені (2006 жылғы тиісті кезеңде тиісінше – 687,2 млрд. теңге және 814,1 млрд. теңге) құрады.


Айналымдағы қолма-қол ақша (M0) 2007 жылғы желтоқсанның соңына өткен аймен салыстырғанда 7,8%-ға өсті, 2006 жылдың сәйкес мерзіммен салыстырғанда 23,1%-ға өсіп, 739,7 млрд. теңгені құрады.

Ақша базасы (M3) ағымдағы жылғы желтоқсанның соңына 2007 жылғы қарашамен салыстырғанда 2,1%-ға өсті және 4613,7 млрд. теңгені (2006 жылғы желтоқсанның соңына – 3677,6 млрд. теңге) құрады.

Екінші деңгейдегі банктердегі резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2007 жылғы желтоқсанның соңына 3873,9 млрд. теңге сомасында (2006 жылғы желтоқсанның соңына – 3076,7 млрд. теңге) белгіленді. Ұлттық валютадағы депозиттер ағымдағы жылғы қарашамен салыстырғанда 1,4%-ға өсіп, 2631,2 млрд. теңгені, шетел валютасындағы депозиттер 0,2%-ға өсіп, 1242,8 млрд. теңгені құрады. 2007 жылғы желтоқсанда жеке тұлғалар депозиттері 1432,6 млрд. теңгені (2006 жылғы сәйкес кезеңде – 1019,7 млрд. теңге) құрады, бұл депозиттердің жалпы сомасының 37%-ын алады.

2007 жылғы ұлттық және шетел валютасындағы депозиттер


кезең соңына, млрд. теңге



Ағымдағы жылғы желтоқсанның соңына екінші деңгейдегі банктер кредиттері 7258,4 млрд. теңгені (2006 жылғы желтоқсанның соңына – 4691 млрд. теңге) құрады және бір айда 0,4%-ға өсті. Аталған кезеңде 2007 жылғы қарашамен салыстырғанда банктік емес заңды тұлғаларға берілген кредиттер сомасы 0,7%-ға өсіп, 4681,2 млрд. теңге, жеке тұлғаларға тиісінше – 0,1% төмендеп және 2577,2 млрд. теңгені құрады.

2006ж. және 2007ж. желтоқсандағы екінші деңгейдегі банктер кредиттерінің салалық құрылымы

кезең соңына, пайызбен



2007 жылғы желтоқсанның соңына ұзақ мерзімді кредиттер сомасы (бір жылдан астам) 5800,8 млрд. теңгені (2006 жылғы желтоқсанның соңына – 3434,3 млрд. теңге) құрады және ағымдағы жылғы өткен аймен салыстырғанда 0,5%-ға өсті. Кредиттер құрылымында олар ең үлкен үлесті – 79,9% (2006 жылдың сәйкес кезеңінде – 73,2%) құрады.


Кредиттеу объектілері бойынша ең үлкен үлесті айналым қаражаттарын сатып алуға берілген кредиттер – 25,5% (1849,7 млрд. теңге), ең аз үлесті құнды қағаздарды сатып алуға берілген кредиттер – 1,6% (117 млрд. теңге) алады. Азаматтардың тұтынушылық мақсаттарына берілген кредиттер – 16,6% (1208,2 млрд. теңге), азаматтарға тұрғын үйлерді салу және сатып алуға – 11,4% (830,5 млрд. теңге), жаңа құрылыс және қайта құруға – 12,1% (875 млрд. теңге), негізгі қорларды сатып алуға – 11,6% (845,6 млрд. теңге), басқа мақсаттарға – 21,2% (1532,4 млрд. теңге) құрады.

2007 жылғы желтоқсанның соңына екінші деңгейдегі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген кредиттері 1508,2 млрд. теңгені құрады, бұл өткен айға қарағанда 0,1%-ға аз. Бұл жалпы берілген кредиттердің 20,8%-ын (2006 жылдың сәйкес кезеңінде – 18,4%) құрайды.

ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша ағымдағы жылғы желтоқсанда жеке тұлғаларға шетел валютасын сату көлемі оны сатып алу көлемінен еуро бойынша – 2,4 есеге, АҚШ доллары бойынша – 2,1 есеге, ресей рублі бойынша – 1,4 есеге асып түсті. Жеке тұлғаларға шетел валютасын сату көлемі өткен аймен салыстырғанда АҚШ доллары бойынша – 9% өсті, ал еуро және ресей рублі бойынша азайып, тиісінше 20,6% және 6,8% құрады.

2007 жылғы АҚШ доллары және еуროның ресми айырбастау бағамдары

кезең соңына, валюта бірлігіне теңгемен



ҚР Ұлттық Банкінің қайта каржыландыруының ресми ставкасы 2007 жылғы 1 желтоқсанда 2 пайыздық тармаққа өсіп, жылдық деңгейде 11% болып белгіленді.

9. ЕҢБЕК РЫНОГЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҒЫ ТӨЛЕУ

9.1 ЖАЛДАНЫП ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ

2008 жылғы қаңтарда жалдамалы қызметкерлер саны (бағалау бойынша) 4,9 млн. адамды құрады, бұл өткен жылғы тиісті айдағыдан 191,1 мың адамға (4%-ға) көп. Олардың санынан мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда 81,6%, жеке тұлғаларда - 11,6%, шаруа (фермер) қожалықтарында – 6,8% жұмыс істеді.

2007 жылы ірі және орта кәсіпорындарда 2,9 млн. адам жұмыс істеді, бұл жалдамалы қызметкерлердің жалпы санының 57,9%-ы. Бұл 2006 жылға қарағанда 146,4 мың адамға (5,4%-ға) көп. Олардан қоса атқарушылық жағдайларында 12,8 мың адам басқа ұйымдардан жұмысқа тартылды, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша – 20,9 мың адам жұмыс атқарды.


Өткен жылы бір қызметкер орта есеппен 1843,5 сағат жұмыс істеді. Жұмыс күнінің орташа ұзақтығы 7,4 сағатты құрады.

2007 жылы ірі және орта кәсіпорындарда толық емес жұмыс аптасы (күні) режимінде 19,4 мың адам жұмыс істеді, өндірістің тоқтап тұруына байланысты демалыста 19,6 мың адам болды, олардан 13,8 мың адам немесе 70,5% (2006 жылы – 84,8%) ақшалай өтемақы алмады.

2007 жылғы желтоқсанның соңында ірі және орта кәсіпорындарда 20,1 мың бос жұмыс орнына адам қабылданбады (тізімдік санға 0,7%). Ең көп бос жұмыс орындарының саны өнеркәсіп кәсіпорындарында – 5597 бірлік (олардың жалпы санының 27,8%-ы), мемлекеттік басқаруда – 4992 бірлік (24,8%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласында - 2106 бірлік (10,5%), қаржы саласында – 1874 бірлік (9,3%), көлік және байланыста – 1814 бірлік (9%), құрылыс ұйымдарында – 324 бірлік (1,6%) тіркелді.

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда ірі және орта кәсіпорындарға 1020,5 мың адам жұмысқа қабылданды немесе қызметкерлердің тізімдік санына 35,8%, олардан 42,4 мың адам немесе 4,2% - жаңа құрылған жұмыс орындарына алынды. Түрлі себептерге байланысты 940,7 мың адам, соның ішінде тұрақтамаушылық себептері бойынша – 777,7 мың адам (82,7%) жұмыстан шықты. Кадрлар тұрақтамаушылығының жылдық коэффициенті 27,3% құрады.

2006-2007 жылдардағы қызметкерлер санының қозғалысы



2007 жылы өнеркәсіп кәсіпорындарына 265,2 мың адам жұмысқа орналасты, олардан жаңа құрылған жұмыс орындарына – 11 мың адам (жұмысқа қабылданғандар санының 4,1%-ы), құрылыста – тиісінше, 185 мың және 11,9 мың адам (6,5%), білім беруде – 83,1 мың және 1,8 мың адам (2,2%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласында – 95,5 мың және 5 мың адам (5,3%), көлік және байланыста – 87 мың және 3,4 мың адам (3,9%), мемлекеттік басқаруда – 46,5 мың адам және 1,5 мың адам (3,3%).

Жұмыстан шыққан қызметкерлердің үлесі өнеркәсіпте олардың жалпы санының 27,5%-ы, құрылыста – 19,3%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласында – 8,7%, білім беру саласында – 8,6% құрады.

9.2 ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

2008 жылғы қаңтарда (бағалау бойынша) 15 және одан жоғары жастағы экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 8,1 млн. адамды құрады. Республика экономикасында 7,5 млн. адам жұмыспен қамтылды. 2007 жылғы қаңтарға қарағанда олардың саны 1,9%-ға (137 мың адамға) өсті. Жұмыссыздар саны (табысты жұмысы болмаған, оны үздіксіз іздеген және оған кірісуге әзір болған 15 және одан жоғары жастағы адамдар) осы кезде 603,8 мың адамды құрап, жұмыссыздық деңгейі 7,4% (2007 жылғы қаңтарда – 7,8%) болды.


2007 жылы (алдын ала деректер бойынша) жұмыссыздық деңгейі 7,3% құрап немесе 2006 жылға қарағанда 0,5 пайыздық тармаққа төмен болды. Жұмыссыз халық саны 597,2 мың адамды құрап, көрсетілген кезең ішінде 28,2 мың адамға (4,5%-ға) азайды. Жұмыссыздардың жалпы санынан қалалық жерде 348,2 мың адам (58,3%), ауылда – 249 мың адам (41,7%) тіркелді. Жұмыссыздық деңгейі оларда тиісінше 7,7% және 6,2% құрады.

2007 жылы жұмыссыз ерлердің үлесі - 41%, әйелдердің – 59% құрады. Жұмыссыз әйелдердің саны 352,6 мың адам құрады, бұл ерлерге қарағанда 108 мың адамға (44,2%-ға) көп. Жұмыссыздық деңгейі әйелдерде 8,7% (2006 жылы 9,2%), ерлерде тиісінше - 5,9% және 6,4% құрады. Жұмыссыздар ішінде жоғары білімі барлар олардың жалпы санының 18,9%-ын, орта кәсіптік (арнаулы) білімді – 25,1%, бастауыш кәсіптік білімді – 11,6%, жалпы орта білімді – 38,2% құрады.

Өткен жылы 15-24 жастағы жұмыссыздардың саны 126,8 мың адамды құрады. Бұл 2006 жылғыдан 42,2 мың адамға (25%-ға) аз. Жастар жұмыссыздығының (15-24 жас аралығындағы) деңгейі 2007 жылы - 9,4% (2006 жылы – 12,1%) құрады. Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі тиісінше, 3,3% және 4,0% құрады.

Республика экономикасында 2007 жылы 7,6 млн. адам жұмыспен қамтылды, бұл 2006 жылғыдан 228,3 мың адамға (3,1%-ға) көп. Олардан ауыл, орман және балық шаруашылығында – 32%, өнеркәсіп және құрылыста – 18,5%, қызмет көрсету саласында – 49,5%. Жалдамалы қызметкерлер саны 5 млн. адамға жетті, бұл жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 65,2%-ы, өз бетінше жұмыспен қамтылғандар – 2,6 мың адам (34,8%).

2001-2007 жылдары жұмыссыз халық және жұмыссыздық деңгейі



Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша жұмысқа орналастыру мәселесі жөніндегі уәкілетті органдарға 2008 жылғы қаңтарда 20,4 мың адам, олардан ауыл тұрғындары – 8,5 мың адам.


Жұмыссыздар ретінде тіркелген азаматтардың саны 2008 жылғы қаңтардың соңында 60,5 мың адамды құрады, бұл 2007 жылғы желтоқсанға қарағанда 5,8 мың адамға көп (10,7%-ға), бірақ 2007 жылғы қаңтардан 16,8 мың адамға (21,7%-ға) аз. Тіркелген жұмыссыздардың жалпы санында әйелдер 41,4 мың адамды (68,4%), ауыл тұрғындары – 30,7 мың адамды (50,7%) құрады. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы тіркелген жұмыссыздардың үлесі 2008 жылғы қаңтарда 0,7% (2007 жылғы қаңтарда – 1,0%) құрады.

2008 жылғы қаңтарда 11,9 мың адам немесе жұмыспен қамту қызметтеріне жұмыс сұрап келгендердің 58,3%-ы жұмысқа орналастырылды. Олардың ішінде ауыл тұрғындары – 4,9 мың адам (41%).

9.3 ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

2007 жылғы желтоқсанда бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 66951 теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 25%-ға, нақты көрінісінде – 5,2%-ға, қаңтар-желтоқсанда – тиісінше, 53238 теңге, 30,6%-ға және 17,8%-ға өсті.

2006-2007 жылдары Қазақстан Республикасындағы еңбекақы



Жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысының көбеюі экономикалық қызметтің барлық түрлерінде байқалды. 2007 жылғы желтоқсанда 2006 жылғы тиісті аймен салыстырғанда қызметкерлердің жалақысы денсаулық сақтау саласында 52,3%, ауыл шаруашылығында – 34,6%, білім беруде – 32,4%, мемлекеттік басқаруда – 32,1%, қаржы қызметінде – 30,6%-ға өсті.


2007 жылғы желтоқсанда қаржы саласындағы қызметкерлердің жалақысы 175,3 мың теңгені құрды, бұл ел бойынша орташа жалақыдан 2,6 есе жоғары, жылжымайтын мүлікпен операцияларды жүзеге асыру саласында, кен өндіру өнеркәсібінде - 102 мың теңгеден 126 мың теңгеге дейін (1,5-1,8 есе), көлік және байланыста - 94 мың теңге (1,4 есе). Ең төменгі жалақы білім беру қызметкерлерінде - 35770 теңге болып қалыптасты (бұл республика бойынша орташа жалақыдан 46,6%-ға төмен), денсаулық сақтауда және әлеуметтік қызмет көрсетуде – 37018 теңге (44,7%), ауыл шаруашылығында – 29385 теңге (56,1%).

Өнеркәсіптегі еңбекақы 2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда 61178 теңгені құрап, 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 21,8%-ға өсті. Өнеркәсіп салалары ішінде ең жоғары жалақы алатын темекі өндірумен айналысатын қызметкерлер, мұндағы жалақы – 152,9 мың теңгені құрады және шикі мұнай және табиғи газ өндірісінде – 145,6 мың теңге, бұл сала бойынша орташа жалақыдан 2,4-2,5 есеге көп.

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда ерлердің орташа жалақысы 64136 теңгені құрады немесе әйелдердің жалақысынан (41136 теңге) 1,5 есе жоғары. Қаржы қызметінде бұл алшақтық 2,3 есені, мейрамхана-қонақ үй бизнесінде – 1,7 есені, өнеркәсіпте – 1,5 есені, ауыл шаруашылығында – 1,4 есені, мемлекеттік басқаруда – 1,3 есені құрады.

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда экономиканың жекелеген түрлері бойынша ерлер мен әйелдердің жалақысы

теңге




10. ХАЛЫҚ ТАБЫСЫ

Ақшалай табыс

2007 жылғы желтоқсанда халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 30738 теңгені құрады, бұл 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 23,8%-ға жоғары, нақты ақшалай табыс көрсетілген кезеңде 4,2%-ға артты.

2007 жылғы желтоқсандағы халықтың атаулы және нақты ақшалай табысы (бағалау)

өткен жылдың тиісті айына пайызбен



11. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

11.1 ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ

2008 жылғы 1 қаңтарға еліміздегі халық саны ағымдағы деректер бойынша 15565,6 мың адамды құрады, оның ішінде қалалық - 8230,3 мың (52,9%), ауылдық - 7335,3 мың адам (47,1%). 2007 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда ол 168,8 мың адамға немесе 1,1% өсті. Осы кезең ішінде Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарынан басқа өңірлерде халық санының өсуі байқалды. Жалпы санының ең жоғары өсімі Оңтүстік Қазақстан облысына келеді - 48,8 мың адам, ал оның ең көп азаюы - Шығыс Қазақстан облысында - минус 8,1 мың адам.

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда республика халқының табиғи өсімі 157891 адамды құрады (141876 адам - осы жерде және бұдан әрі жақшаларда 2006 жылғы қаңтар-желтоқсандағы көрсеткіштер келтірілген). 2008 жылғы 1 қаңтарға табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 10,2 (9,3) адамды құрады.

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда АХАЖ органдары 316822 (299233) тууды тіркеді, ол 2006 жылғы қаңтар-желтоқсанға қарағанда 5,9%-ға көп. Туғандардың саны қалалық және ауылдық елді-мекендерде 6,9%-ға және 4,6%-ға өсті және тиісінше 170853 және 145969 тууды құрады. Осы кезең ішінде 162860 ұл және 153962 қыз, немесе 100 қызға 106 ұл туды. Туудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 20,5 (19,6) туғандарды құрады. Еліміздің өңірлері бойынша туудың деңгейі келесідей қалыптасты: 1000 тұрғынға 15-ке дейін туғандар 3 (2) өңірде, 15-тен 18-ге дейін - 4 (5), 18-ден 21-ге дейін - 2 (3), 21 және одан жоғары туғандар - 7 (6) өңірде.

Елдегі өлгендер саны 2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда 158931 (157357) адамды, соның ішінде қалалық жерлерде - 92881 (92425) және ауылдық жерлерде - 66050 (64932) адамды құрады. Осы кезең ішінде 90760 еркек және 68171 әйел өлген, немесе 100 әйелге 133 еркек. Өлгендердің жалпы санында еңбекке қабілетті жастағы адамдар үлесі 42,1% құрады. Еңбекке қабілетті жастағы еркектер өлімі осы жас санатындағы әйелдер өлімінен 3 есе артық. Өлімнің жалпы коэффициенті 2006 жылғы қаңтар-желтоқсандағы деңгейде қалып, 1000 тұрғынға 10,3 өлгендерді құрады. Ол еліміздің өңірлері бойынша 1000 адамға 6,2 -13,9 өлгендер аралығында.

Өлімнің негізгі себептері қан айналымы жүйесі аурулары болып табылады, олардың үлесіне 2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда барлық тіркелген өлім оқиғаларының 51,6% (51,8%) тиесілі, жазатайым оқиғалардан, улану мен жарақаттанудан - 14,3% (14,7%), жаңа өскіндер - 11,5% (11,6%). Барлық қан айналымы жүйесі ауруларынан өлгендерден жүректің ишемиялық аурулары және ми қан тамырларының зақымдануынан өлгендер саны 44,9% (44,3%) және 24,2% (24,7%) құрайды. 2006 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда өлтіруден өлгендер саны 5,3% азайды, өзін-өзі өлтіргендер саны 2,6% мен жол-көлік оқиғаларынан өлгендер саны 1,4% өсті.

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда елімізде 1 жасқа дейінгі 4561 (4172) бала өлімі тіркелген, соның ішінде ұлдар - 2701 (2406) және қыздар - 1860 (1766). Нәресте өлімінің коэффициенті 1000 туғанға 14,5 (14,1) өлімді құрады. Нәрестелер өлімінің негізгі себебі перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдайлар болып табылады, одан 2007 жылдың қаңтар-желтоқсанында 2169 (2063) нәресте өлген немесе барлық нәрестелер өлімінің 47,6% (49,4%).

2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2006 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда некелер мен ажырасулар саны тиісінше 6,7% және 0,8% өсіп, 146380 (137204) некені және 36108 (35834) ажырасуды құрады. Некенің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 9,5 (9,0) некені құрады, ал ажырасулар 2006 жылдың қаңтар-желтоқсандағы деңгейінде қалып, 2,3 ажырасуды құрады.

Халық көші-қонының оң айырымы 2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда 10875 (33472) адамды құрады, одан ТМД елдерімен - 2989 (26778) адам. Республикаға келгендер саны 53309 (67386), ал оның шегінен тыс кеткендер - 42431 (33914) адамды құрады. 2006 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда Қазақстанға келгендер саны 14077 адамға, немесе 20,9% азайды, ал Қазақстаннан кеткендер саны 8517 адамға, немесе 25,1% артты. ТМД елдерінен келгендер мен сол елдерге қоныс аударғандар үлесі келгендер мен кеткендердің жалпы санынан тиісінше 80,2% және 93,7% (85% және 89,9%) құрады.

Көшіп-қоныштардың негізгі бөлігі Алматы, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарына қоныстанады, ал Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды және Ақмола облыстарынан қоныс аударады.

Қазақстанға келгендер арасындағы қазақтардың үлес салмағы 78,2% (73,1%), орыстар - 12,5% (14%), немістер - 1,0% (0,9 құрады). Қазақстаннан тыс кеткендер санындағы орыстардың үлесіне 69,5% (67,5%), немістерге - 7,1% (7,3%), қазақтарға - 5,3% (6,7%) келеді.

Ел ішіндегі көшіп-қоныштардың саны 312010 (295270) адамды құрады, одан 139637 (131414) адам немесе 44,8% (44,5%) - халықтың өңіраралық көші-қонында. Өңіраралық қоныс аударуда халық көші-

қонының оң айырымы елдің 4 (4) өңірінде байқалды, одан шамасы бойынша ең көбі Астана және Алматы қалаларында: 20085 (17938) және 19484 (21959) адам.


11.2 ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

Республикалық СЭС-тің деректері бойынша 2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2006 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда тұмаумен (19,7 есеге), сальмонеллез жұқпаларымен (32,1%-ға), өткір вирустық гепатитпен (22,6%), бірінші рет анықталған созылмалы вирустық гепатитпен (21%), аш ішектің қабынуымен (20,5%), жоғары тыныс жолдарының нақтыланбаған өткір жұқпасымен (13,9%), менингококк жұқпасымен (13,1%), қызамықпен (7,7%), ішектің өзге бактериялық жұқпасымен (7%) ауырғандар санының өскені анықталған. ЖҚТБ-мен ауырғандар саны 174 оқиғаны құрады; 1973 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар (өткен жылғы сәйкес кезеңде – 1741) анықталды.

Ағымдағы жылдың қарастырылып отырған кезеңінде тіркелген жұқпалы аурулардың арасында аса кең тарағаны жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпасы (100 мың адамға шаққанда 8924,9 оқиға), ішектің өткір жұқпасы (146,8), тыныс органдарының туберкулезі (121,7), тұмау (102,9), вирустық гепатит (77), мерез (45,9), битшендік (29,1) және қышыма (17,3) болды.

2006-2007жж. қаңтар-желтоқсандағы ауру-сырқауға шалдығу оқиғаларының тіркелген саны

бірліктер



14 жасқа дейінгі балалар арасында тұмаумен (16,4 есеге), өткір вирустық гепатитпен (32,8%-ға), аш ішектің қабынуымен (25,9%), тамақтан бактериялық уланулармен (18,3%), жоғары тыныс жолдарының нақтыланбаған өткір жұқпасымен (17%), қызамықпен (15,9%), ішектің өзге бактериялық жұқпасымен (15,2%), менингококк жұқпасымен (11,3%), ішектің өткір жұқпасымен (8,8%) ауырғандар саны көбейген. ЖҚТБ-мен ауырғандар саны 38 оқиғаны құрады, 91 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушы (2006 жылғы қаңтар-желтоқсанда – 93) анықталды.

2007 жылғы желтоқсанда 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда аш ішектің қабынуымен (4,4 есеге), нақтыланбаған ішектің бактериялық жұқпасымен (1,6 есе), тамақтан өзге де уланулармен (1,3 есе), менингококк жұқпасымен (27%-ға) ауырғандар саны өскен. 128 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар (2006 жылғы желтоқсанда – 124) анықталды. Ауылдық жерлерде осы ай ішінде аш ішектің қабынуымен (6,8 есеге), бірінші рет анықталған созылмалы вирустық гепатитпен (2,4 есе), нақтыланбаған ішектің бактериялық жұқпасымен (1,9 есе), тамақтан өзге де уланулармен (1,5 есе) ауырғандар саны өскен. Анықталған АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылардың саны 23 оқиғаны (2006 жылғы желтоқсанда – 21) құрады.

11.3 ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша республика аумағында 2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда тіркелген қылмыстардың саны 2006 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 9,3%-ға азайып, 128,1 мыңды құрады, олардың 27,4% әйелдерге, 4,9% - кемелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар. Тіркелген қылмыстардың саны тұтастай республика бойынша халықтың 10 мың адамына шаққанда 83 оқиғаны құрады.


Қылмыстылық құрылымында ең жоғары үлес салмағы меншікке қарсы қылмыстарға келеді (63,4%). Олардың ішінде едәуір бөлігі бөтен адамның мүлкін ұрлауға (40,2 %) тиесілі болып отыр, ол 2006 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 13,2%-ға азайған.

Халықтың денсаулығы мен адамгершілігіне қарсы қылмыстардың үлесі 8,2% құрап, оның 0,4%-ға өскенін көрсетеді. Бұл топта ең жоғары үлес (7,9%) есірткіге байланысты жасалған қылмыстарға келеді, олардың саны 1,3%-ға өскен. Есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатында заңсыз әзірлеуге, сатып алуға, сақтауға, тасымалдау мен жіберуге, оларды тұтынуға бейімдеуге, есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыруға немесе ұстауға байланысты қылмыстар саны 8,1%-ға көбейіп, 4727 оқиғаны құрады. Бұл санаттағы қылмыстардың ашылуы 91,3% құрады.

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың үлесі 7,5%, жеке адамға қарсы қылмыстардың үлесі 7,4% құрады. Жеке адамға қарсы қылмыстар тобында қасақана кісі өлтіру және өлтіруге оқталу (4,7%-ға), сонымен бірге денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіру (7%) оқиғаларының саны азайған. Сол кезең ішінде денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру оқиғаларының саны 4,7%-ға өскен.

2007 жылғы қаңтар–желтоқсандағы қылмыстылық құрылымы

пайызбен



Көлік қылмыстарының саны (4,7%-ға) өсіп, мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстар саны 5,1%-ға азайған.

Әскери қылмыстардың қысқару үрдісі сақталуда, олардың саны 29,6%-ға азайды. Осы санаттағы тіркелген қылмыстардың 32,1% - билігін пайдаланып қиянат жасау, билікті асыра пайдалану немесе әрекетсіздік, 22,5% - өзара қарым-қатынастың жарғылық ережелерін бұзу, 27,8% - бөлімді немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кету, 1,5% - қашқындық құрайды.

Есепті кезеңде тексерілген қылмыстар бойынша республиканы тұтастай алғанда материалдық залалдың анықталған сомасы 73934,9 млн. теңге болды, оның 44,7% - экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың, 41,6% - меншікке қарсы қылмыстардың үлесінде.


Республиканың құқық қорғау органдары қылмыс жасаған 79,6 мың адамды анықтады (2006 жылғы қаңтар-желтоқсандағыдан 6,3%-ға аз), 55,1 мың адам қылмыстық жауапқа тартты, бұл 2006 жылдың сәйкес кезеңінен 4,6%-ға көп. Қылмысы әшкереленген адамдардың 11,7%-ы - әйелдер, 10,5%-ы - кәметке толмағандар. Мемлекеттік қызметті атқарушылардың үлесіне 3,4% келеді. Бұрын қылмыс жасаған адамдардың үлес салмағы – 7,8% құрады.

Қазақстан бойынша орташа алғанда әрбір он бірінші қылмыскер қылмысты - мас күйінде, әрбір төртіншісі - топ құрамында жасаған. Қылмыс жасап, анықталған адамдардың ең көп бөлігін жұмыссыздар (72,7%) құрайды.

12. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Өнеркәсіп. 2008 жылғы қаңтарда 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда өнеркәсіп өндірісі көлемінің өсуі 11 өңірлерінде байқалды. Ең көп өсімге Батыс Қазақстан (13,9%), Атырау (10,3%), Маңғыстау (8,9%), Солтүстік Қазақстан (6,1%-ға) облыстарында қол жеткізді. Жоғары өсу қарқыны, сонымен қатар, Жамбыл, Ақтөбе және Павлодар облыстарында байқалды. Сонда 8 өңір өнеркәсіп өндірісінің республикалық деңгейінен асып түсті. Өнеркәсіп өндірісі көлемінің ең жоғарғы төмендеуі Оңтүстік Қазақстан (9,9%), Қарағанды (8,4%-ға) облыстарында және Алматы қаласында (11,6%-ға) байқалды.

**2008 жылғы қаңтарда өнеркәсіп өнімі көлемінің өсуі (төмендеуі)
(2007 жылғы қаңтарға %-бен)**



Шикі мұнай өндіру Жамбыл (38,1%), Батыс Қазақстан (13,8%), Атырау (10,9%) және Маңғыстау (9,2%-ға) облыстарында өсті. Ақтөбе және Қызылорда облыстарында ол тиісінше 0,8% мен 3,4%-ға төмендеді.

Газ конденсатын өндіру Маңғыстау (65,4%), Жамбыл (38,1%) және Батыс Қазақстан (14,0%) облыстарында өсті.

Қостанай облысында темір-көнді шекемтастар өндірісі 10,5%-ға кеміді.

Мыс кенін өндіру Шығыс Қазақстан (21,7%) облысында өсті, ал Қарағанды облысында оны өндіру 10,6%-ға төмендеді.

Болат қорыту Қостанай (18,6%), Павлодар (17,4%) облыстарында өсті, ал Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында оның өндіруі тиісінше 19,2% мен 30,1%-ға төмендеді.

Өңделмеген мырыш өндіру Шығыс Қазақстан - 0,8%, Қарағанды - 25,2%-ға облыстарында кеміді.

Тазартылған мысты қорыту Алматы қаласында (43,3%), Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында тиісінше 9,4% және 43,3%-ға төмендеді.

Шығыс Қазақстан облысында жолаушыларға арналған жеңіл автомобильдер шығаруы 31,1%-ға төмендеді.

Электр энергиясын өндіру көлемінің ең жоғарғы өсімі Ақтөбе (2,2 есе), Батыс Қазақстан (1,6 есе), Жамбыл (26,6%), Оңтүстік Қазақстан (19,8%), Атырау (17,9%) және Маңғыстау (17,4%) облыстарында байқалып, ең жоғарғы төмендеу Ақмола (9,8%) облысында тіркелді.

Сары май өндіру көлемінің ең жоғарғы өсімі Батыс Қазақстан (7 есе) және Солтүстік Қазақстан (1,8 есе) облыстарында байқалды.

Осы уақытта сары май өндіру көлемінің айтарлықтай кемуі Оңтүстік Қазақстан (57,1%), Қарағанды (50,0%) және Павлодар (20,0%-ға) облыстарында тіркелді.

